

**Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 24 ақпандағы № 43 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 25 ақпанда № 22259 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 8-1-бабының 1 және 3-тармақтарына, 35-бабының 3-тармағына, 40-бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші бөлігіне, 40-5-бабы 1-тармағының екінші бөлігіне, 45-бабының 1-тармағына, 2-тармағының екінші бөлігіне және 6-тармағына, 56-бабының 2-тармағына, 57-бабы 8-тармағының төртінші бөлігіне, 75-бабына, "Аудиторлық қызмет туралы" 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 1-3) тармақшасына, "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 2-бабының 4-тармағына, 20-бабының 12-тармағына, 52-1-бабының 1-тармағына, 2003 жылғы 2 шілдедегі "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 55-1-бабының 8-тармағының төртінші бөлігіне, 77-1-бабының 5-тармағына, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 13-2-бабының 2) тармақшасына, 13-5-бабының 6 және 7-тармақтарына, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының қызметін реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және пруденциялық реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту Агенттігінің Төрағасы*

*М. Абылкасымова*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау және

реформалар агенттігінің

Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту  
Агенттігінің Басқармасының  
2021 жылғы 24 ақпандағы  
№ 43 Қаулыға  
қосымша

**Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының**

## **бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының қызметін реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі**

1. "Клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жүйесіне, клиринг ұйымындағы тәуекелдер мониторингінің, оларды бақылау мен басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 59 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7554 болып тіркелген, 2012 жылғы 23 маусымда "Егемен Қазақстан" газетінде № № 339-345 (27419) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жүйесіне, клиринг ұйымындағы тәуекелдер мониторингінің, оларды бақылау мен басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарда:

20-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Клиринг ұйымының резервтік, кепілдік беру қорларын және (немесе) клирингтік қатысушылардың маржалық жарналарын және өзге де қамтамасыз етуін қалыптастыру, сондай-ақ пайдалану тәртібі мен шарттары мыналарды қамтиды:

1) клиринг ұйымының резервтік немесе кепілдік беру қорларының және (немесе) клирингтік қатысушылардың маржалық жарналарының, өзге де қамтамасыз етуінің мөлшерлерін айқындау және бағалау әдістемесі;

2) клирингтік қатысушылардың маржалық жарналарын және өзге де қамтамасыз етуін, клирингтік қатысушылардың клиринг ұйымының кепілдік беру қорына жарналарды төлеу, клиринг ұйымының резервтік қорын қалыптастыру тәртібі мен шарттары;

3) клиринг ұйымының резервтік немесе кепілдік беру қорларынан төлемдерді жүзеге асыру тәртібі мен шарттары;

4) клиринг ұйымының резервтік немесе кепілдік беру қорлары активтерін:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік шоттағы немесе "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамында ашылған банк шотындағы ақшаға;

Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" төмен емес ұзақ мерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетелдік корреспондент банктердің шоттарындағы ақшаға;

Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B+" төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттарындағы ақшаға;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB" төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалындағы ағымдағы шоттарындағы ақшаға;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "AA" төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің мемлекеттік облигацияларына;

"автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын репо құралдарына;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+" төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі депозиттерге;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB" төмен емес ұзақ мерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалындағы депозиттерге;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" төмен емес ұзақ мерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктеріндегі депозиттерге;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB-" төмен емес рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар корпоративтік облигацияларға (оның ішінде купондық халықаралық облигацияларға);

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+" төмен емес ұзақ мерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы резиденттерінің квазимемлекеттік борыштық бағалы қағаздарына инвестициялау тәртібі мен талаптары;

5) маржалық жарналарды төлеу үшін және (немесе) өзге де қамтамасыз ету үшін енгізілген ақшаны:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік шоттағы және (немесе) "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамында ашылған банк шотындағы ақшаға;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" төмен емес ұзақ мерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service

агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар корреспондент шетелдік банктердің шоттарындағы ақшаға;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+" төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақшаға;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB" төмен емес ұзақ мерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалындағы ағымдағы шоттардағы ақшаға;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "AA" төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің мемлекеттік облигацияларына;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB-" төмен емес рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар борыштық бағалы қағаздарға (оның ішінде купондық халықаралық облигацияларға);

"автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын репо құралдарына;

СВОП операцияларына;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" төмен емес ұзақ мерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктеріндегі депозиттерге;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB-" төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі депозиттерге;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB" төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалындағы депозиттерге инвестициялау тәртібі мен талаптары.

Осы тармақтың 5) тармақшасында көрсетілген құжаттардың тізбесі клирингтік ұйымның клирингтік қатысушылардың бірінің міндеттемелерін орындамау фактісін реттеу мақсатында қаржы құралдарын сатып алған жағдайларға қолданылмайды."

2. "Екінші деңгейдегі банктердің олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және Қазақстан Республикасының резиденттері және бейрезиденттері заңды тұлғаларға барлық берілген банктік қарыздарының және банк кепілдіктерінің жиынтық көлемін есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 80 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7510 болып тіркелген, 2012 жылғы 24 мамырда "Егемен Қазақстан" газетінде № 261-266 (27340) жарияланған) мынадай өзгерістер және толықтыру енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және Қазақстан Республикасының резиденттері және бейрезиденттері заңды тұлғаларға барлық берілген банктік қарыздарының және банк кепілдіктерінің жиынтық көлемін есептеу қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және Қазақстан Республикасының резиденттері және бейрезиденттері заңды тұлғаларға барлық берілген банктік қарыздарының және банк кепілдіктерінің жиынтық көлемін есептеу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және Қазақстан Республикасының резиденттері және бейрезиденттері заңды тұлғаларға барлық берілген банктік қарыздарының және банк кепілдіктерінің жиынтық көлемін есептеу қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және Қазақстан Республикасының резиденттері және бейрезиденттері заңды тұлғаларға барлық берілген банктік қарыздарының және банк кепілдіктерінің жиынтық көлемін есептеу қағидалары";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Қағидалар "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы " 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңның 8-1-бабының 3-тармағының екінші бөлігіне (бұдан әрі - Банктер туралы заң) сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының (бұдан әрі - банктер) олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және Қазақстан Республикасының резиденттері және бейрезиденттері заңды тұлғаларға барлық берілген банктік қарыздарының және банк кепілдіктерінің жиынтық көлемін есептеу тәртібін белгілейді.";

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының меншiктi капиталы деп Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 22213 болып тiркелген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттiгiнiң Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 23 қаулысымен бекiтiлген Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерi филиалдарының (оның iшiнде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерi филиалдарының) резерв ретiнде қабылданатын активтерiн қалыптастыру тәртiбiн және олардың ең төмен мөлшерiн қоса алғанда, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерiнiң филиалдары (оның iшiнде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерiнiң филиалдары) үшiн пруденциалдық нормативтердi және сақталуы мiндеттi өзге де нормалар мен лимиттердi, олардың нормативтiк мәндерiн және есептеу әдiстемесiне сәйкес есептелген Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының резерв ретiнде қабылданатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының активтерi түсiнiледi."

3. "Екiншi деңгейдегi банктердiң олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және заңды тұлғаларға (Қазақстан Республикасының резиденттерiне және резидентi еместерге) банктiк қарыздар мен банк кепiлдiктерiн беруi жөнiндегi талаптарды бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкi Басқармасының 2013 жылғы 25 ақпандағы № 72 қаулысына (Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 8409 болып тiркелген, 2013 жылғы 29 маусымда "Заң газетi" газетiнде № 93 (2294) жарияланған) мынадай өзгерiстер және толықтыру енгiзiлсiн:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Екiншi деңгейдегi банктердiң, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерi филиалдарының олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және заңды тұлғаларға (Қазақстан Республикасының резиденттерiне және резидентi еместерге) банктiк қарыздар мен банк кепiлдiктерiн беруi жөнiндегi талаптарды бекiту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса берiлiп отырған Екiншi деңгейдегi банктердiң, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерi филиалдарының олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және заңды тұлғаларға (Қазақстан Республикасының резиденттерiне және резидентi еместерге) банктiк қарыздар мен банк кепiлдiктерiн беруi жөнiндегi талаптар бекiтiлсiн.";

көрсетiлген қаулымен бекiтiлген Екiншi деңгейдегi банктердiң олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және заңды тұлғаларға (Қазақстан Республикасының резиденттерiне және резидентi еместерге) банктiк қарыздар мен банк кепiлдiктерiн беруi жөнiндегi талаптарда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және заңды тұлғаларға (Қазақстан Республикасының резиденттеріне және резиденті еместерге) банктік қарыздар мен банк кепілдіктерін беруі жөніндегі талаптар";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және заңды тұлғаларға (Қазақстан Республикасының резиденттеріне және резиденті еместерге) банктік қарыздар мен банк кепілдіктерін беруі жөніндегі талаптар (бұдан әрі - Талаптар) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңның 8-1-бабының 1-тармағына (бұдан әрі - Банктер туралы заң) сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының (бұдан әрі - банктер) олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және заңды тұлғаларға (Қазақстан Республикасының резиденттеріне және резиденті еместерге) банктік қарыздар мен банк кепілдіктерін беруіне қойылатын талаптарды белгілейді.";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банк онымен ерекше қатынастар арқылы байланысты жеке тұлғаларға мынадай талаптардың бірі орындалған:

мөлшері мен түрі Талаптарда белгіленетін тиісті қамтамасыз ету болған;

жеке тұлғаның қаржылық жай-күйі "тұрақты" деп жіктелген жағдайда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7510 тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және Қазақстан Республикасының резиденттері және бейрезиденттері заңды тұлғаларға барлық берілген банктік қарыздарының және банк кепілдіктерінің жиынтық көлемін есептеу қағидаларын бекіту туралы" 2012 жылғы 24 ақпандағы № 80 қаулысында (бұдан әрі - № 80 қаулы) белгіленген мөлшерден аспайтын, барлық банктік қарыздар мен банк кепілдіктерінің жалпы көлемінің шегінде банктік қарыздар мен банк кепілдіктерін береді.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бас банк бас банктің күмәнді және (немесе) үмітсіз активтерін иемденетін және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16795 болып тіркелген "Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйым қызметі қағидаларын, ол сатып алатын (сатып алған) күмәнді және үмітсіз активтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 61 қаулысының талаптарына сәйкес келетін күмәнді және (немесе) үмітсіз активтер бойынша талаптар құқығы түріндегі



қамтамасыз етуге ие еншілес ұйымдарына № 80 қаулыда белгіленген мөлшерден аспайтын барлық банктік қарыздар мен банк кепілдіктерінің жиынтық көлемі шегінде банктік қарыздар мен банк кепілдіктерін береді.

Осы тармақтың талаптары Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарына қолданылмайды.";

мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының меншікті капиталы деп Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22213 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 23 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) резерв ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру тәртібін және олардың ең төмен мөлшерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) үшін пруденциалдық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесіне сәйкес есептелген Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының резерв ретінде қабылданатын активтері түсініледі."

4. "Екінші деңгейдегі банктерде сақталуға тиіс негізгі құжаттар тізбесін және олардың сақталу мерзімдерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 ақпандағы № 66 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13710 болып тіркелген, 2016 жылғы 31 мамыр "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарында сақталуға тиіс негізгі құжаттар тізбесін және олардың сақталу мерзімдерін белгілеу туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған Екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарында сақталуға тиіс негізгі құжаттар тізбесі және олардың сақталу мерзімдері белгіленсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктерде сақталуға тиіс негізгі құжаттар тізбесінде және олардың сақталу мерзімдерінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарында сақталуға тиіс негізгі құжаттар тізбесі және олардың сақталу мерзімдері".

5. "Қамтылымсыз кредит (бланкілік кредит) беру критерийлерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 қаңтардағы № 22 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14902 болып тіркелген, 2017 жылғы 15 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банктер туралы заңның 35-бабы 3-тармағының мақсаттары үшін бір мезгілде мынадай өлшемшарттарға сәйкес келетін:

1) кредиттің мөлшері банктің Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 тіркелген, "Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерін, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияларды есептеу қағидалары мен олардың лимиттерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысының (бұдан әрі - № 170 қаулы) талаптарына сәйкес есептелген меншікті капиталының өлшемінен 0,02 (нөл бүтін жүзден екі) пайызынан асатын, кредиттің мөлшері Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22213 болып тіркелген "Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) резерв ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру тәртібін және олардың ең төмен мөлшерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) үшін пруденциалдық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 23 қаулысының (бұдан әрі - № 23 қаулы) талаптарына сәйкес есептелген Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының резерв ретінде қабылданатын активтері шамасының 0,02 (нөл бүтін жүзден екі) пайызынан асады;

2) тұрақсыздық айыбын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қамтамасыз ету жиынтығында қарыз алушының берілген кредит бойынша міндеттемелерінің 50 (елу) пайызынан аз жабады не жоқ болатын кредит қамтылымсыз кредит (бланкілік кредит) болып танылатыны белгіленсін.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы қаулының 1-тармағында белгіленген қамтылымсыз кредиттің (бланкілік кредиттің) критерийлері № 170 және № 23 қаулыларға қолданылмайды."

6. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 198 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17462 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 9 қазанда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары бекітілсін.";

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары";

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 52-1-бабының 1-тармағының екінші бөлігіне, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабының 3-тармағының 2)-тармақшасына сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары (бұдан әрі - ұйым) үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібін айқындайды.

Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) андеррайтинг - актуарий белгілеген шектерде сақтандыру өтемін, сақтандыру талаптарын, франшизаның және сақтандыру тарифінің деңгейін анықтау мақсатымен сақтандыру тәуекелдерін бағалау негізінде мәлімделген сақтандыру объектісін сақтандыруға немесе қайта сақтандыруға қабылдау бойынша рәсімдер кешені;

2) басқару есептілігі - ішкі бақылау және ұйымның қызметін бағалау құралы;

3) гэп-талдау - ұйымның сыйақы мөлшерлемелерінің өзгерістеріне ұшыраған немесе белгілі бір мерзім ішінде өтелуі тиіс активтері мен міндеттемелерінің көлемін салыстыру негізінде пайыздық тәуекелді және өтімділік тәуекелін өлшеу әдістері;

4) лимиттеу - қабылданатын тәуекелдердің сапалық, сандық шектеулерін белгілеу, ұйымның мәмілелеріне (операцияларына) шектеулерді белгілеу.

Лимиттеу кезінде мынадай параметрлер анықталады:

лимит белгіленетін көрсеткіш;

лимит белгіленетін көрсеткішті есептеу әдісі;

көрсеткіштің шекті (барынша жоғары, барынша төмен) мәні;

5) мүдделер қақтығысы - ұйымның лауазымды тұлғаларының және (немесе) оның қызметкерлерінің жеке мүддесі мен олардың өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындауы немесе ұйымның және (немесе) оның қызметкерлерінің және (немесе) клиенттерінің ұйым және (немесе) оның клиенттері үшін қолайсыз салдарлар туындатуы мүмкін мүліктік және өзге де мүдделері арасында қайшылықтар туындататын ахуал;

6) саясат - ұйымның тиімді жұмыс істеуін және оның қызметінің стратегияға және тәуекелдің жол берілетін деңгейіне сәйкестігін қамтамасыз ететін қажетті өлшемшарттарды, өлшемдерді, тәсілдерді, қағидаттарды, стандарттарды, рәсімдер мен тетіктерді айқындайтын саясатты және (немесе) өзге де ішкі құжаттарды қамтитын ішкі құжаттардың жиынтығы;

7) стресс-тестинг - ұйымның қаржылық жағдайына айырықша, бірақ ұйымның қызметіне әсер етуі мүмкін ықтимал оқиғалардың әлеуетті әсер етуін өлшеу әдістері;

8) тәуекел - ұйым қызметінің күтілетін нәтижесін алу сенімсіздігін немесе мүмкін еместігін туындататын жағдаяттардың пайда болу, шығыстардың (зиянның) туындау ықтималдығы;

9) тәуекелдерді бағалау жүйесі - ұйымның қаржылық жай-күйіне кешенді талдау жүргізуге арналған коэффициенттердің жиынтығы;

10) тәуекелдерді басқару жүйесі - тәуекелдерді және олардың ұйымның мақсаттарына жетуге әсер ететін салдарын анықтау, бағалау, мониторинг жүргізу, төмендету мақсатында бүкіл ұйым шегінде жүзеге асырылатын, ұйымның директорлар кеңесі мен басқармасы белгілеген тұрақты құрылымдалған процесс;

11) тәуекел картасы - бір "ось" бойынша тәуекелдің ықпал ету күші немесе маңыздылығы көрсетілген, ал екіншісінде оның пайда болу ықтималдылығы мен жиілігі көрсетілген кестеде орналастырылған ұйым тәуекелдерінің графикалық және мәтіндік сипаттамасы;

12) тәуекел лимиті - қабылданатын тәуекелді сандық не сапалық шектеу құралы;

13) тәуекелді сәйкестендіру - тәуекел элементтерін табу, тізбесін құру, және сипаттау процесі;

14) тәуекелді өлшеу - оқиғаның басталу салдары мен ықтималдығын математикалық жолмен ықтималдық теориясын және статистикалық деректер негізінде үлкен сандар заңын қолдана отырып бағалау арқылы жүзеге асырылатын тәуекелдің ықтималдығы дәрежесін және әлеуетті шығыстар (шығындар) мөлшерін анықтау;

15) уәкілетті орган - қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган;

16) ішкі аудит - ішкі аудит қызметі Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы, міндетті сақтандыру туралы, акционерлік қоғамдар туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына, ішкі құжаттарға, ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттарына сәйкес келу дәрежесін одан әрі көрсету мақсатында қаржылық есептілікті, сондай-ақ ұйым қызметін сандық және сапалық жағынан бағалауға келетін басқа деректер мен ақпаратты бағалайтын басқарушылық бақылаудың ажырамас элементі;

17) ішкі бақылау - бұл ұйымның директорлар кеңесі, алқалы органдары, басқармасы, қызметкерлері жүзеге асыратын, мынадай санаттар бойынша мақсаттарға жетуді қамтамасыз етуге бағытталған процесс:

қызметінің тиімділігі;

қаржылық есептіліктің және өзге де басқарушылық есептіліктің сенімділігі, толықтығы мен уақтылығы;

Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы, міндетті сақтандыру туралы, акционерлік қоғамдар туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтау;

18) ішкі бақылау жүйесі - мыналарды қамтамасыз ететін бақылау рәсімдерінің, іс-шаралар мен әдістемелердің жиынтығы:

ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін тиісінше және тиімді жүргізу;

Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы, міндетті сақтандыру туралы, акционерлік қоғамдар туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтау;

жауапкершілікті тиімді бөлу;

ұйым қызметкерлерінің ішкі құжаттардың талаптарын уақтылы және тиісінше орындауы;

мүліктің сақталуын қамтамасыз ету;

алаяқтық фактілерін және басқарушылық қателердің алдын алу және анықтау;

қаржылық есептілікті және өзге басқарушылық есептілікті дайындау уақтылығы, шынайылығы мен толықтығы.

Қағидалардың талаптарын Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалына қолдану кезінде:

Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тиісті басқару органы директорлар кеңесі болып түсініледі;

Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының басшы қызметкерлері басқарма болып түсініледі;

бас офис шотының сомасы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы қызметінің резервтері мен нәтижелері меншікті капитал болып түсініледі;

Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есебінің деректері бойынша есептілік қаржылық есептілік болып түсініледі.

Қағидалардың акционерлік қоғамдар және бағалы қағаздар нарығы туралы заңнаманың талаптарын сақтауға қатысты бөлігіндегі талаптары, сондай-ақ Қағидалардың 13-1, 13-2-тармақтары Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалына қолданылмайды.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы тәуекелдері мынадай болып жіктеледі:

1) сақтандыру қызметін жүзеге асыруға байланысты тәуекелдер:

андеррайтинг тәуекелі - сақтандыруға қабылданатын тәуекелдерді бұрыс (қате) бағалау тәуекелі;

сақтандыру резервтерінің тәуекелі - жеткіліксіз (барабар емес) сақтандыру резервтерін құру тәуекелі;

сақтандыру төлемдерінің тәуекелі - сақтандыру төлемдерін дұрыс, уақтылы жүзеге асырмауға байланысты тәуекел;

апатты тәуекел - елеулі мөлшердегі бір оқиға әдеттегіден жоғары сақтандыру төлемдеріне әкеліп соқтыратын тәуекел;

қайта сақтандыру тәуекелі - жеткіліксіз қайта сақтандыру өтемінің немесе қайта сақтандырушының қайта сақтандыру шарты бойынша төлемді жүзеге асыруға қабілетсіздігі тәуекелі;

2) инвестициялық тәуекелдер - қайта сақтандыру және инвестициялық қызмет барысында пайда болатын тәуекелдер.

Инвестициялық тәуекелдерге мыналар жатады:

кредиттік тәуекел - дебиторлардың дәрменсіздігі, ұйымның инвестициялық портфеліндегі облигациялар эмитенттерінің кредиттік рейтингтерінің өзгеруі салдарынан шығыстардың (зиянның) пайда болу тәуекелі;

өтімділік тәуекелі - ұйымның өз міндеттемелерін өтеу үшін активтерін тез арада сату мүмкіндігінің болмауына байланысты тәуекел;

нарықтық тәуекел - қаржы құралдарының нарықтық құнының, пайыздық мөлшерлемелерінің, шетел валюталары бағамдарының, бағалы металдар құнының өзгеруі салдарынан қаржы нарықтарының жағымсыз қозғалыстарына байланысты шығыстардың (зиянның) ықтималдығы.

Нарықтық тәуекелге мыналар жатады:

валюта тәуекелі - шетелдік валюта бағамдарының жағымсыз өзгеруі салдарынан шығындар пайда болуы тәуекелі;

баға тәуекелі - нарықтық факторлардың ықпалымен қаржы құралдарының және туынды қаржы құралдарының нарықтық бағаларының жағымсыз өзгеруі салдарынан шығыстардың (зиянның) пайда болу тәуекелі;

пайыздық тәуекел - ұйымның активтері, пассивтері бойынша пайыздық мөлшерлемелерінің жағымсыз өзгеруі салдарынан қаржы шығыстарының (зиянының) пайда болу тәуекелі;

3) операциялық тәуекел - ішкі процестерді жүзеге асыру барысында басшы және басқа қызметкерлер тарапынан болған кемшіліктердің (қателердің), ақпараттық жүйелердің (технологиялардың) тиісінше жұмыс істемеуі салдарынан, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан шығындардың пайда болу тәуекелі;

4) комплаенс-тәуекел - ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы, міндетті сақтандыру туралы, акционерлік қоғамдар туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының және (немесе) ұйымның ішкі құжаттарының және (немесе) ұйымның қызметіне әсер ететін шет мемлекеттер заңнамасының талаптарын сақтамауы салдарынан шығыстардың (зиянның) пайда болу немесе уәкілетті органның шаралар қолдану немесе беделін жоғалту және (немесе) мүдделер қақтығысының туындау тәуекелі;

5) стратегиялық тәуекел - дұрыс емес басқарушылық шешімдер, қабылданған басқарушылық шешімдерді тиісінше іске асырмау және (немесе) ұйымның бизнес-ортаның өзгерістеріне бейімделуге қабілетсіздігі салдарынан шығындардың туындау тәуекелі;

б) ілеспе тәуекелдер:

аудиторлық тәуекел - аудиторлық тексерудің қорытындысы бойынша аудитор қаржылық есептіліктің шынайылығын растағаннан кейін анықталмаған елеулі бұрмалауларды қамтуы мүмкін деп субъективті түрде анықтайтын не шын мәнінде бұрмалану болмаған жағдайда елеулі бұрмалануды қамтиды деп тану ықтималдығы;

топ тәуекелі - құрамына ұйым кіретін топтың қаржылық жағдайының нашарлауы нәтижесінде ұйымның беделіне, маркетингіне және қаржылық жағдайына жағымсыз әсер ету тәуекелі;

жүйелік тәуекел - басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын басқа Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын мәжбүрлеп тарату нәтижесінде ұйымға шығыстар (шығындар) келтіруге байланысты тәуекел;

алаяқтық тәуекелі - қызметкерлердің және үшінші тұлғалардың алаяқтық іс-әрекеттері нәтижесінде шығыстардың (зиянның) пайда болу ықтималдығына байланысты тәуекел;

бедел тәуекелі - ұйымға теріс қоғамдық пікірдің немесе оған деген сенімнің төмендеуі салдарынан шығыстардың (зиянның) пайда болу тәуекелі;

елдер бойынша тәуекел - шет мемлекеттің немесе шет мемлекет резидентінің өз міндеттемелері бойынша төлемге қабілетсіздігі немесе жауапкершілік атқармауы салдарынан шығыстардың (зиянның) пайда болу тәуекелі.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ішкі құжаттарына қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ішкі құжаттарына қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.";

15, 16, 17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыру мақсатында директорлар кеңесі:

1) тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатты және Қағидаларға сәйкес әзірленетін ішкі құжаттарды бекітеді;

2) жыл сайын ұйымның тәуекелдерді бағалау жүйесінің коэффициенттерін талдауды бекітеді және ұйымның тәуекелдерді бағалау жүйесі коэффициенттерінің стандартты диапазонның бекітілген шектерінен төрт және одан да көп ауытқулары болған жағдайда ұйымның тәуекелдерді бағалау жүйесінің коэффициенттерін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітеді не тәуекелдерді бағалау жүйесінің коэффициенттерін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу қажеттілігінің жоқтығы туралы шешім қабылдайды;

3) корпоративтік басқару бөлігінде:

алқалы органдардың, ішкі аудит қызметінің, басқарманың, құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіреді;

басшы қызметкерлердің функционалдық міндеттемелеріндегі ықтимал мүдделер қақтығысын төмендету бойынша шаралар қабылдайды;

ұйыммен ерекше қатынаспен байланысқан тұлғаларға жеңілдік шарттарын беру фактісін тексеруді қамтамасыз етеді;

директорлар кеңесінің құзыретіне жататын өзге де мәселелер;

4) стратегиялық мақсаттарды түзету мақсатында мыналарды қарайды:

ұйымның тәуекелдерді басқару бөлімшесі немесе функциясына көрсетілген талдауды жүргізу кіретін өзге құрылымдық бөлімше жүргізген капиталдағы ағымдағы ( болашақ) қажеттіліктерін талдау;



ішкі (сыртқы) аудиторлар өздері жүргізген тексеру нәтижелері бойынша анықталған сәйкессіздіктер, сондай-ақ олардың ұсынымдары көрсетілген есеп;

активтерді және пассивтерді басқару кеңесінің (инвестициялық қызмет үшін жауапты бөлімшенің) ұйымның активтерін инвестициялау бойынша жүргізілген операциялардың (мәмілелердің) (қаржы құралдарының түрлері бойынша топтастырылып және олардың баланстық, нарықтық құнын, кірістілігін, сатып алу мен сату сомаларын көрсете отырып) нәтижелері бойынша есебі;

5) тәуекелдерді басқару бөлігінде:

корпоративтік стратегияға, саясаттарға, рәсімдерге және ішкі құжаттарға қайшы келетін операциялардың жасалуын болдырмау мақсатында, сондай-ақ оларды түзету мақсатында құрылған алқалы органдар, ішкі аудит қызметі мен құрылымдық бөлімшелер арқылы ұйымның қызметіне тұрақты мониторинг жүргізу;

ішкі аудит қызметі, тәуекелдерді басқару бөлімшесі функцияларының ұйымдастырушылық дербестігін қамтамасыз ету;

уәкілетті орган шараларының, оның ішінде кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

уәкілетті орган талаптары орындалмаған, анықталған кемшіліктер уақтылы жойылмаған (жоймаған) жағдайда орындамау (жоймау) себептерін анықтайды және жауапты қызметкерлерге тиісті шаралар қолданады;

кабылданатын тәуекелдерді лимиттеу және мәмілелерге (операцияларға) шектеулерді белгілеуді жүзеге асырады;

тәуекелдерді бағалау жүйесінің коэффициенттерін жақсарту бойынша іс-шаралар жоспары бекітілген жағдайда ұйым тоқсан сайынғы негізде жоспардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

Осы тармақтың 2) тармақшасының ережелері Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалына қолданылмайды.

16. Тәуекелдерді басқару бөлімшесі тәуекелдерді басқару саясатын әзірлейді және жүйелі түрде стресс-тестинг, сценарийлік талдау жүргізуді көздейді және мыналармен шектелмей, төмендегілерді белгілейді:

1) ұйымның ұйымдық құрылымының құрамында андеррайтингтік кеңестің, активтерді және пассивтерді басқару кеңесінің, тәуекелдерді басқару бөлімшесінің болуын;

1-1) бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым үшін - ұйымның ұйымдық құрылымының құрамында төмендегі функцияларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей инвестициялық портфельді басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын бөлімшенің болуы:

инвестициялық декларацияны әзірлеу және сақтанушылар активтерін инвестициялау лимиттерін айқындау және қайта қарау, сақтанушылардың активтері

есебінен мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау кезінде жасалатын ұсынымдарды (бұдан әрі - ұсынымдар) дайындау үшін қажетті ақпаратты жинақтау, өңдеу және талдау;

ұсынымдар жасау;

ұйымның инвестициялық комитеті отырыстарының қорытындылары бойынша қабылданған инвестициялық шешімдер мен хаттамаларды ресімдеу;

сақтанушылардың активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдарын есепке алу;

сақтанушыларға инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметтің нәтижелері туралы есептерді сақтанушының инвестицияларға қатысу талабы көзделетін сақтандыру шарттарында көзделген тәртіппен дайындау;

активтерді басқарды жүзеге асыру процесінде сақтанушылардың басқа қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасауы;

ұйымның ішкі құжаттарында айқындалған функциялар;

2) басшы қызметкерлерге, тәуекелдерді басқаруға тікелей қатысы бар қызметкерлерге білімінің және жұмыс өтілінің болу талаптарын қоса алғанда, қойылатын біліктілік талаптарын;

3) ұйымның директорлар кеңесінің, алқалы органдарының, ішкі аудит қызметінің, басқармасының, тәуекелдерді басқару бөлімшесінің, құрылымдық бөлімшелерінің тәуекелдерді басқару жөніндегі өкілеттіктерін және функционалдық міндеттерін;

4) ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің, алқалы органдарының, басқармасының және директорлар кеңесінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы арасында тәуекелдерді басқаруға қажетті ақпарат алмасу тәртібін;

5) ұйымның қызметіне байланысты тәуекелдер көрсеткіштерінің сандық мәндерін анықтау тәртібін қоса алғанда, тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау, мониторинг жүргізу және бақылау рәсімдерін;

6) басқарушылық шешімдердің орындалуына тұрақты мониторинг жүргізу және қабылданған басқарушылық шешімдердің тиімділігін анықтау рәсімдерін;

7) тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалаудың ішкі өлшемшарттарын;

8) сапалық және сандық тәсілдерді қоса алғанда, тәуекелдер картасын әзірлеу тәртібін;

9) тәуекел лимитін анықтау рәсімдерін, оның ішінде сссссүшін;

10) ұйымның қызметі барысында туындайтын тәуекелдерді басқару жөніндегі шараларды;

11) сәйкестендірілген (анықталған) тәуекелдерге мониторинг жүргізу, бағалау және бақылау, ұйым тәуекелдерінің картасын жасау рәсімдері, оның ішінде:

тәуекелдерді басқару бөлімшесі ұйымның басқа бөлімшелерімен бірлесіп, тәуекелдерді сәйкестендіру бойынша қабылдайтын шараларын;

тәуекелдердің туындау жиілігін бағалауды қоса алғанда, тәуекелдерді басқару бөлімшесі жүзеге асыратын тәуекелдерді бағалау, кейіннен осы тәуекелдер көрсеткен ықпалдарды жіктеу және тәуекел лимиттерін белгілеу;

тәуекелдер көрсеткіштері мәндерінің және тәуекелдер көрсеткіштерінің барынша жоғары рұқсат етілген мәндерінің өзгеру мониторингін, сондай-ақ тәуекел лимиттерінің тәуекел көрсеткіштерінің мәндеріне сәйкес келмеген жағдайда тәуекелдерді барынша азайту мақсатында қабылданатын шараларды қамтитын тәуекелдерді басқару бөлімшесі жүргізген тәуекелдердің мониторингі;

директорлар кеңесіне шығыстарға (зиянға) ұшыратуы мүмкін және (немесе) ұйымының қызметіне ықпал ететін немесе заңсыз сипатты білдіретін кез келген елеулі жағдайлар туралы есептілікті тез арада ұсыну тетігін;

12) тәуекелдерді тестілеу және бағалануын модельдеу рәсімдері;

13) тәуекелдерді басқару бөлімшесінің директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару жөніндегі есепті беру тәртібін, оларға мыналар кіреді:

тәуекелдерді басқару бойынша ағымдағы жағдай (тәуекелдерді барынша азайту және жою бойынша жүргізілетін жұмыстар);

анықталған тәуекелдер және осы тәуекелдерді барынша азайту бойынша іс-шаралар жоспары, сондай-ақ оларды төмендету және болдырмау бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижелері;

ұйымның ағымдағы қызметін жүргізу барысында туындауы мүмкін тәуекелдер және оларды төмендету және болдырмау жолдары;

ұйымның корпоративтік стратегиясын іске асырудың ағымдағы кезеңінде туындауы мүмкін тәуекелдерді бақылау және мониторинг жүргізу және оларды барынша азайту және болдырмау жолдары;

тәуекелдерді басқару жүйесінің барабарлығы мен тиімділігі;

14) бақылауды жүзеге асыруға жауапты тұлғалар лауазымдарының тізбесін көрсете отырып, сақтандыру, инвестициялық және өзге қызмет бойынша және мәмілелер (операциялар) бойынша белгіленген лимиттердің орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі.";

17. Басқарма тәуекелдерді басқару жүйесінің тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында:

1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бөлігінде белгіленген мақсаттарға және әдістерге сәйкес ұйымға күнделікті басшылық жасауды жүзеге асырады;

2) директорлар кеңесінің, алқалы органдардың, басқарманың (Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тиісті атқарушы органы), Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының басшы қызметкерлерінің және құрылымдық бөлімшелердің арасында тәуекелдерді тиімді басқаруды және ішкі бақылауды қамтамасыз ететін ақпарат беру тәртібін бекітеді;

3) директорлар кеңесінің нұсқауларын, ішкі аудит қызметінің ұсынымдары мен ескертулерін, тәуекелдерді басқару бөлімшесінің ұсынымдарын, уәкілетті органның талаптары мен шараларын іске асыруды жүзеге асырады;

4) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі саясатты іске асыру мақсатында ішкі құжаттарды бекітеді;

5) төлем жасауға қабілеттілік маржасы жеткіліктілігінің қажетті деңгейін сақтау мақсатында активтерді әртараптандыру, капиталдың, тәуекелдердің рентабельдігі, өтімділігі және жеткіліктілігі бойынша бағдарларды айқындайды;

6) директорлар кеңесі белгілеген тәуекелдер лимиттерінің шегіндегі операциялар түрлері бойынша тәуекелдердің лимиттерін бекітеді;

7) тәуекелдерді басқару бөлімшесінің ай сайынғы есептеулері негізінде көрсетілген лимиттердің сақталуын бақылаудың тиімді шараларын қабылдауды қамтамасыз етеді;

8) тариф саясатының тәуекелдер жөніндегі дәйекті статистикасы негізінде тәуекелдер дамуындағы болжамды үрдістерге сәйкес келуін қамтамасыз етеді;

9) ұйым үшін әлеуетті тәуекелді туындататын ішкі және сыртқы экономикалық факторларға тұрақты түрде талдау жасауды қамтамасыз етеді, олардың қаржылық көрсеткіштерге әсер ету дәрежесін бағалайды;

10) түзету коэффициенттерінің қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларына барабарлығын бағалау үшін қаржылық көрсеткіштер мен статистикалық ақпаратқа тұрақты түрде талдау жүргізуді қамтамасыз етеді.

Осы тармақшаның талабы "Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" 2005 жылғы 7 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-1-бабы 2-1-тармағының негізінде түзету коэффициенттерін айқындайтын сақтандыру ұйымына қолданылады;

11) ағымдағы және болашақтағы экономикалық ортаны, нормативтік құқықтық базаны, капиталдың мөлшерін ескере отырып, жылдық бюджеттерді, стратегиялық жоспарларды жасау бөлігінде директорлар кеңесіне ұсынымдар береді;

12) іс-шаралар жоспарының қаржылық тұрақсыздық және төтенше жағдайлар жағдайында орындалуын және тиісті тоқсан сайынғы есептің ұсынылуын бақылайды;

13) шарттық қатынастардың, Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы, міндетті сақтандыру туралы, акционерлік қоғамдар туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының, қаржы құралдарымен операциялар жүргізуді регламенттейтін ішкі құжаттардың сақталуына тұрақты түрде талдау жасайды;

14) құрылымдық бөлімшелердің ықтимал және әлеуетті тәуекелдерді басқарудағы саясаттарды, тәуекелдердің белгіленген лимиттер шегіндегі мөлшерлерін сақтауын бақылайды;

15) қаржы құралдарының нарықтық құнының серпінін ескере отырып, олармен операциялардан кірістердің (шығыстардың) өзгеруіне талдау жасауды қамтамасыз етеді ;

16) ұйымның төлем қабілеттілігі маржасының Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес талап етілетін ең төменгі деңгейіне сәйкес келуін қамтамсыз етеді;

17) сыртқы аудиторлардың ұсынымдарын ескере отырып, есепке алу және есептілік жүйесін жақсартуды қамтамасыз етеді;

18) аудиторлық есептерге талдау жасайды және директорлар кеңесіне анықталған кемшіліктерді жою туралы тиісті шаралар қабылдау жөнінде ұсыныстар береді.

Осы тармақтың ережелерін Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ( қайта сақтандыру) ұйымының филиалына қолданған кезде осы тармақтың 2), 4), 6) тармақшаларының талаптары Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тиісті атқарушы органның құзыретіне жатады.

18. Тәуекелдерді басқару бөлімшесінің функцияларына:

1) мыналарды қоса алғанда тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыру:

тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатты әзірлеу;

сапалық және сандық тәсілдерді қоса алғанда тәуекелдер картасын әзірлеу;

басқарушылық шешімдер қабылдау барысына қатысу;

басқарушылық шешімдердің орындалуына және қабылданған басқарушылық шешімдердің тиімділігін анықтауға тұрақты мониторингі жүргізу;

сақтандыру, инвестициялық және өзге де мәмілелер (операциялар) бойынша белгіленген лимиттердің орындалуын бақылау;

2) ұйымның қызметіне байланысты тәуекелдер көрсеткіштерінің сипаттау және сандық мәндерін анықтауды, сондай-ақ тәуекелдер көрсеткіштерінің барынша қолжетімді мәндерін анықтауды қоса алғанда тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау;

3) "жалпы сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын ұйым үшін Қағидаларға 3-1-қосымшаға және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын ұйым үшін Қағидаларға 3-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жылдық қаржылық және өзге де есептілік негізінде ұйымның тәуекелдерін бағалау жүйесінің коэффициенттерін талдау;

4) ұйым қызметі барысында туындайтын тәуекелдерді басқару бойынша шаралар қабылдау;

5) сәйкестендірілген (анықталған) тәуекелдерге мониторинг, бағалау және бақылау, оның ішінде:

ұйымның басқа да құрылымдық бөлімшелерімен бірлесе отырып тәуекелдерді сәйкестендіру бойынша шаралар қабылдау;

тәуекелдердің туындау жиілігін бағалауды қоса алғанда тәуекелдерді бағалау, осы тәуекелдер көрсеткен әсерді кейін жіктеу және тәуекелдердің лимитін белгілеу;

тәуекелдер көрсеткіші мәндерінің өзгерісіне мониторинг және тәуекелдер көрсеткіштерінің барынша қолжетімді мәндері кіретін тәуекелдерді, сондай-ақ тәуекелдер көрсеткіштерінің мәндері тәуекелдер көрсеткішінің барынша қолжетімді мәндеріне сәйкес келмеген жағдайда тәуекелдерді барынша азайту мақсатында қабылданатын шараларды мониторингтеу;

ұйымның қызметіне зиян келтіруі және (немесе) ықпал етуі мүмкін немесе заңсыз сипаттағы кез келген маңызды жағдайлар туралы дереу басқармаға және директорлар кеңесіне есептілік беруге;

б) ұйымның тиісті құрылымдық бөлімшелерінің анықталған тәуекелдерді барынша азайту бойынша іс-шаралардың егжей-тегжейлі жоспарын (жоспарларды құрылымдық бөлімшелер ұсынады және ұйымның анықталған тәуекелдерін барынша азайту бойынша іс-шаралардың жалпы жоспарын тәуекелдерді басқару бөлімшесі әзірлейді) әзірлеу бойынша процесті ұйымдастыру және директорлар кеңесі бекіткен ұйымның тәуекелдерін барынша азайту бойынша іс-шаралар жоспарына одан әрі мониторинг жүргізу;

7) төтенше жағдайларға және ұйымның үзіліссіз қызметін қамтамасыз етуге арналған жоспарын орындау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру;

8) мыналарды тұрақты талдау:

қаржылық көрсеткіштерді (стресс-тестілер және қабылданған тәуекелдер деңгейін тұрақты талдау шеңберінде);

қаржы құралдары бағасының (стресс-тестілер және қабылданған тәуекелдер деңгейін тұрақты талдау шеңберінде) өзгеруінің өтімділік, төлем жасау қабілеттілігі көрсеткіштеріне, төлем жасау қабілеті маржасының жеткіліктілігіне ықпалы;

9) макроэкономикалық факторлардың өтімділікке, тиімділікке, төлем жасау қабілеті маржасының жеткіліктілігіне ықпал етуінің болжамы;

10) директорлар кеңесі мен басқармаға тоқсан сайынғы негізде мына бағыттар бойынша тәуекелдерді басқару жүйесін бағалау және талдау туралы есеп ұсыну:

тәуекелдерді басқарудың ағымдағы жай-күйі (тәуекелдерді барынша азайту және болдырмау бойынша жүргізіліп отырған жұмыстар);

анықталған тәуекелдер және осы тәуекелдерді барынша азайту бойынша іс-шаралар жоспары, сондай-ақ оларды төмендету не алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижелері;

ұйымның ағымдағы қызметін жүргізу барысында туындауы мүмкін тәуекелдер және оларды азайту және алдын алу жолдары;

ұйымның корпоративтік стратегиясын іске асырудың ағымдағы кезеңінде туындауы мүмкін тәуекелдерді және оларды барынша азайту және алдын алудың жолдарын бақылау және мониторинг;

тәуекелдерді басқару жүйесінің барабарлығы мен тиімділігі;

есепті кезеңде қаржы көрсеткіштеріне қысқаша талдау;

тәуекелдер картасын бағалау және талдау;

тәуекелдерді тестілеудің қолданылатын рәсімдерінің және бағалау үлгілерінің барабарлығы мен тиімділігі;

11) директорлар кеңесіне бекітуге ұсыну:

есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей тәуекелдерді бағалау жүйесінің коэффициенттерін талдау (стандартты диапазонның шегінен шығатын коэффициенттер бойынша түсіндірмелермен);

ұйымның тәуекелдерді бағалау жүйесі коэффициенттерінің стандартты диапазонның бекітілген шектерінен төрт және одан да көп ауытқулары болған жағдайда тәуекелдерді бағалау жүйесінің коэффициенттерін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары;

12) акционерлердің жылдық жалпы жиналысына тәуекелдерді бағалау жүйесі коэффициенттерінің талдауын (стандартты диапазон шегінен шығатын коэффициенттер бойынша түсіндірмелермен) және директорлар кеңесі бекіткен тәуекелдерді бағалау жүйесі коэффициенттерін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бар болса) ұсыну;

13) мыналардың орындалуын қамтамасыз ету:

Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес андеррайтинг тәуекелін басқаруға қойылатын талаптар;

Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес қайта сақтандыру тәуекелін басқаруға қойылатын талаптар;

Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес сақтандыру төлемдері тәуекелін басқаруға қойылатын талаптар;

Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес сақтандыру резервтерінің жеткіліксіздігі тәуекелін басқаруға қойылатын талаптар;

Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес инвестициялық тәуекелдерді басқаруға қойылатын талаптар;

Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес операциялық және ілеспе тәуекелдерді басқаруға қойылатын талаптар;

Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес комплаенс-тәуекелді басқаруға қойылатын талаптар;

14) тәуекелдерді басқару жөніндегі корпоративтік стратегияны және ішкі саясатты стратегиялық жоспарлау және талдау бөлімшесімен не өзге де осындай функциялары бар құрылымдық бөлімшемен бірлесе отырып түзету мақсатында басқармаға жылына кемінде бір рет ұсыну:

ұйымның ағымдағы жай-күйінің, барлық тәуекелдер туралы сандық және сапалық деректерді, олардың ықтимал деңгейін, ұйымның дайындық деңгейін, оларды барынша азайту бойынша жүргізілген іс-шараларды, ден қою шараларын ескере отырып егжей-тегжейлі шолуы бар есеп;

ұйымның қаржылық жай-күйіне егжей-тегжейлі шолуы және ұйым қызметінің нәтижелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы, міндетті сақтандыру туралы, акционерлік қоғамдар туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына, ұйымның қаржылық жай-күйіне, ұйым тәуекелдері картасына ықпал ететін өзгерістер бар есеп.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларының ережелері Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшесінің функционалдық міндеттеріне қолданылады;

осы тармақтың 3) тармақшасының ережелері Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалына қолданылмайды.";

25 және 26-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Директорлар кеңесі ұйымның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету, ішкі аудит қызметінің функционалдық және ұйымдық тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында:

1) ішкі аудит саясатын бекітеді;

2) ішкі аудит қызметі туралы ережені бекітеді;

3) ішкі аудиттің жылдық жоспарын бекітеді;

4) ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін тағайындайды;

5) ұйым аудитіне аудиторлық ұйымды анықтау үшін акционерлердің жалпы жиналысына ұсынымдар береді.

Осы тармақтың 5) тармақшасының талаптары Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалына қолданылмайды.

26. Ішкі аудит саясатына мыналар кіреді, бірақ бұлармен шектелмейді:

1) ішкі аудиттің мақсаты мен міндеттері;

2) ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің кәсіби сапасына қойылатын талаптар, олардың өкілеттіктері мен жауапкершіліктері;

3) тәуекелдерді және ішкі бақылауды басқару, бағалау өлшемшарттарын көрсете отырып, корпоративтік басқару жүйелерін бағалау әдістемесі кіретін ішкі аудитті жүзеге асыру тәртібі мен рәсімдері;

4) ұйымның құрылымдық бөлімшелерімен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалымен өзара іс-қимыл жасау және ақпарат алмасу тәртібі;

5) ішкі аудит қызметінің бюджеті.";

28. Ішкі аудит мәселелері жөніндегі алқалы орган:

1) ішкі аудит саясатын, ішкі аудит қызметі туралы ережені, ішкі аудиттің жылдық жоспарын және бағдарламасын әзірлеуді және келісуді қамтамасыз етеді;



2) ұйымның және оның қызметкерлерінің ішкі аудит саясаты сақтауына мониторинг және бақылау жүзеге асырады;

3) ішкі аудит қызметінің, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалының басшысы мен қызметкерлері кандидатураларын іріктеуді жүзеге асырады.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Ішкі аудит қызметі өз қызметінде ұйымның жарғысын, ұйымның ішкі бақылау жүйесін және ішкі аудит қызметін ұйымдастыру туралы ережелерді, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы туралы ережені, сондай-ақ ұйымның қызметін регламенттейтін басқа да ішкі құжаттарды және осы Қағидалардың талаптарын басшылыққа алады.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Ішкі аудит қызметінің негізгі функциялары мыналар болып табылады:

1) ішкі аудит қызметінің саясаты, ережесі, бюджеті, жұмыс жоспарын, аудиторлық қорытынды, ұйым қызметін бағалау өлшемшарттарын әзірлеу және оларды директорлар кеңесінің бекітуіне ұсыну;

2) ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін тексеру және бағалау, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесін үнемі жетілдіруге жәрдем ету;

3) ұйымның тәуекелдерін бағалау әдіснамасының және ұйым тәуекелдерін басқару жүйесінің толық қолданылуын және тиімділігін тексеру;

4) құрылымдық бөлімшенің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалының қызметін тексеру және оның нәтижелері бойынша директорлар кеңесіне есеп беру;

5) бөлімшелер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы ұсынатын тиісті есептіліктің немесе сұратылатын ақпараттың (оның ішінде қаржы мониторингіне жататын ақпарат) дәйектілігін, толық ашылуын, объективтілігін, уәкілетті органға, басшылыққа және басқа да мүдделі тараптарға уақтылы берілуін тексеру;

6) аудит (ішкі, сыртқы) процестерінің тиімділігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету;

7) ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттарына және Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы, міндетті сақтандыру туралы, акционерлік қоғамдар туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін бақылау ортасын бекітілген жоспарға сәйкес тұрақты тексерулер жүргізу арқылы қалыптастыру;

8) бухгалтерлік есеп жүргізуді бақылау;

9) ішкі аудитті жетілдіру бойынша директорлар кеңесіне ұсыныстар беру;

10) ұйым қызметін қаржылық тұрақтылық және төлем жасау қабілетіне, пруденциялық нормативтерді және сақталуы тиіс өзге де нормалар мен лимиттерді сақтау мәніне жүйелі талдау жүргізу және бағалау;

11) активтер мен міндеттемелерді басқару бөлігінде қабылданған басқарушылық шешімдерді орындаудың тиімділігін бағалау;

12) ұйым қызметінің қаржылық есептілікте уақтылы, дұрыс, толық және дәл көрсетілуін және оның халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес келуін тексеру;

13) қаржы құралдарын талдау, оның ішінде:

жиынтық баланс және өткен кезеңдегі және жоспарланған қаржылық көрсеткіштермен салыстыра отырып пайда мен шығын туралы есеп;

қаржы құралдарын түрлері бойынша және балансдық және нарықтық құнын, кірістілігін және сатып алудың (сатудың) жалпы сомасын көрсете отырып, топтай отырып инвестициялар туралы есеп;

14) сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары тізілімінің хронологиялық тәртіппен жүргізілуін бақылау;

15) корпоративтік басқару саласындағы тәуекелдерді, ұйымның операциялық қызметін және оның ақпараттық жүйелерін бірдей және тиімді бақылануын бағалау;

16) ұйымның ішкі құжаттарында көзделген ішкі аудит қызметінің құзыреті шеңберінде өзге де функциялар.";

1-қосымшада:

жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру  
(қайта сақтандыру) ұйымдары,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-сақтандыру  
(қайта сақтандыру)  
ұйымдарының филиалдары үшін  
тәуекелдерді басқару және ішкі  
бақылау жүйесін қалыптастыру  
қағидаларына  
1-қосымша";

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ішкі құжаттарына қойылатын талаптар";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Басқарушылық есептілікті ұсыну мерзімдері мен нысандары туралы ережені басқарма әзірлейді және басқарма мен тәуекелдерді басқару бөлімшесінің директорлар кеңесіне және ұйымның акционерлеріне басқарушылық есептілікті ұсыну тәртібін регламенттейді, оның ішінде:

жиынтық баланс;

пайда мен шығын туралы есеп (оның ішінде өткен жылдардың алдыңғы кезеңімен салыстырғанда және қызметтің жоспарланған көрсеткіштері);

инвестициялар туралы (баланстық және нарықтық құнын, кірістілігін, сатып алудың және сатудың жалпы сомасын көрсете отырып қаржы құралдарын түрлері бойынша топтай отырып) есептер;

активтер мен міндеттемелердің көлемін салыстыру туралы есеп;

ұйым тәуекелінің картасын талдау;

ұйымның тәуекелдерін бағалау жүйесінің коэффициенттерін талдау (стандартты диапазонның шегінен шығатын коэффициенттер бойынша түсіндірмелермен);

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16944 болып тіркелген, "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды белгілеу, сондай-ақ Ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын мақұлдау қағидаларын және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының) қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 75 қаулысында көрсетілген пруденциялық нормативтерді бұзуға және (немесе) ұйымның және (немесе) сақтандыру тобының қаржылық жай-күйінің нашарлауына ықпал ететін факторларды анықтауға алып келмейтін ұйымның меншікті капиталға және оны пайдалануға ағымдағы және болжамды қажеттіліктерін қысқаша талдау;

ұйымның директорлар кеңесінің және акционерлерінің талап етуі бойынша есептілік

Басқарушылық есептіліктің тізбесі директорлар кеңесі мен басқарманың тиісті түрде тәуекелдерді басқаруды және ішкі бақылауды қамтамасыз ету мақсатында функционалдық міндетті мен өкілдіктерін тиісті түрде орындау үшін жеткілікті.";

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне (бұдан әрі - Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда 1-1-қосымшамен толықтырылсын;

2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру  
(қайта сақтандыру) ұйымдары,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-сақтандыру  
(қайта сақтандыру)  
ұйымдарының филиалдары үшін  
тәуекелдерді басқару және ішкі  
бақылау жүйесін қалыптастыру

қағидаларына  
2-қосымша";

3-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру  
(қайта сақтандыру) ұйымдары,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-сақтандыру  
(қайта сақтандыру)  
ұйымдарының филиалдары үшін  
тәуекелдерді басқару және ішкі  
бақылау жүйесін қалыптастыру  
қағидаларына  
3-қосымша";

3-1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру  
(қайта сақтандыру)  
ұйымдары және  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-сақтандыру  
(қайта сақтандыру)  
ұйымдарының филиалдары үшін  
тәуекелдерді басқару және ішкі  
бақылау жүйесін қалыптастыру  
қағидаларына  
3-1-қосымша";

3-2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру  
(қайта сақтандыру)  
ұйымдары және  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-сақтандыру  
(қайта сақтандыру)  
ұйымдарының филиалдары үшін  
тәуекелдерді басқару және ішкі  
бақылау жүйесін қалыптастыру  
қағидаларына  
3-2-қосымша";

4-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру  
(қайта сақтандыру) ұйымдары,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-сақтандыру  
(қайта сақтандыру)  
ұйымдарының филиалдары үшін  
тәуекелдерді басқару және ішкі  
бақылау жүйесін қалыптастыру  
қағидаларына  
4-қосымша";

5-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру  
(қайта сақтандыру) ұйымдары,  
Қазақстан Республикасының

бейрезидент-сақтандыру  
(қайта сақтандыру)  
ұйымдарының филиалдары үшін  
тәуекелдерді басқару және ішкі  
бақылау жүйесін қалыптастыру  
қағидаларына  
5-қосымша";

6-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру  
(қайта сақтандыру) ұйымдары,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-сақтандыру  
(қайта сақтандыру)  
ұйымдарының филиалдары үшін  
тәуекелдерді басқару және ішкі  
бақылау жүйесін қалыптастыру  
қағидаларына  
6-қосымша";

7-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру  
(қайта сақтандыру) ұйымдары,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-сақтандыру  
(қайта сақтандыру)  
ұйымдарының филиалдары үшін  
тәуекелдерді басқару және ішкі  
бақылау жүйесін қалыптастыру  
қағидаларына  
7-қосымша";

8-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру  
(қайта сақтандыру) ұйымдары,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-сақтандыру  
(қайта сақтандыру)  
ұйымдарының филиалдары үшін  
тәуекелдерді басқару және ішкі  
бақылау жүйесін қалыптастыру  
қағидаларына  
8-қосымша";

9-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру  
(қайта сақтандыру) ұйымдары,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-сақтандыру  
(қайта сақтандыру)  
ұйымдарының филиалдары үшін  
тәуекелдерді басқару және ішкі  
бақылау жүйесін қалыптастыру  
қағидаларына  
9-қосымша";

10-қосымшада:

жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру  
(қайта сақтандыру) ұйымдары,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-сақтандыру  
(қайта сақтандыру)  
ұйымдарының филиалдары үшін  
тәуекелдерді басқару және ішкі  
бақылау жүйесін қалыптастыру  
қағидаларына  
10-қосымша";

"5. Басқарма операциялық, ілеспе тәуекелдерді басқару мақсатында:

1) жыл сайын Ұйымның ағымдағы қызметінің және оның корпоративтік стратегиясының сәйкес келуін ескеріп, төтенше жағдайларға және ұйымның үзіліссіз қызметін қамтамасыз етуге арналған жоспарын қайта қарайды;

2) конфиденциалды ақпараттың жайылып кетуін және:  
рұқсат берілуі шектеулі ақпараттық деректердің тізбесін;  
рұқсатты алу тәртібін;

ақпараттық деректерге рұқсатты бақылау тәртібін;

ақпараттық деректерге рұқсаты бар тұлғалардың тізбесін көздейтін ақпараттық деректердің бұрмалануын болдырмау рәсімдерін бекітеді.

3) жабдықтарға инспекциялар жүргізу мен жұмыс туралы есептерді тексеру қоса қамтылған іркілістерді болдырмау рәсімдерін бекітеді.

Осы тармақтың ережелерін Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалына қолданған кезде осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларының талаптары Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атқарушы органының құзыретіне жатады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Тәуекелдерді басқару бөлімшесі:

1) топ тәуекелін басқару мақсатында жыл сайын:

акционерлердің және (немесе) негізгі ұйымның ұйымды қосымша капиталдандыру қажеттілігі туралы;

ұйым қызметінің үлестес тұлғалардың қызметіне ықпал етуі және байланысты болуы туралы;

топ қатысушысы банкроттығының (мәжбүрлеп таратылуының) ұйымның қаржылық жай-күйіне және төлем қабілеттілігіне әсері туралы;

ұйым активтерінің топ ішінде шоғырлануы туралы есепті талдайды және директорлар кеңесіне ұсынады.

2) жүйелі тәуекелді басқару мақсатында жыл сайын басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп таратудың, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқа филиалын мәжбүрлеп

таратудың беделіне, сақтандыру өнімдеріне деген сұранысқа, ұйымның сақтандыру қызметін іске асыру арналарына ықпалы туралы есепті талдайды және директорлар кеңесіне ұсынады.";

11-қосымшада:

жоғарғы оң жақ бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру  
(қайта сақтандыру) ұйымдары,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-сақтандыру  
(қайта сақтандыру)  
ұйымдарының филиалдары үшін  
тәуекелдерді басқару және ішкі  
бақылау жүйесін қалыптастыру  
қағидаларына  
11-қосымша";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Басқарма комплаенс-тәуекелді тиімді басқару мақсатында:

1) комплаенс-тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатты қабылдауды және қызметкерлерге жіберуді;

2) комплаенс-тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатты сақтауды; және директорлар кеңесіне тоқсан сайынғы есептілікті беруді;

3) ұйым қызметкерлері үшін комплаенс-тәуекелдерді, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін басқару мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеуді;

4) комплаенс-тәуекелге әкелетін бұзушылықтар анықталған жағдайда тиісті түзету немесе тәртіптік шаралар қабылдауды;

5) міндетті ішкі бақылауға жататын операцияларды және күмәнді операцияларды уақтылы автоматандырылған түрде анықтау мақсатында бағдарламалық қамтамасыз етуді жетілдіруді;

6) сақтандыру төлемін жүзеге асыруға берілетін өтініштің нысанында ұйымға жалған мәліметтерді беру салдарына Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында, ұйымның жарғысында, сақтандыру қағидаларында көзделген сілтеменің болуын.

7) сақтандыру төлемдері жөніндегі бөлімше қызметкерлерін, алаяқтық индикаторлары мен белгілері бойынша оқытуды;

8) шағым талаптарды уақтылы реттеу бойынша қызметін қадағалауға, сондай-ақ сақтандыру төлемдерінің үрдістерін анықтауға мүмкіндік беретін статистикалық деректер базасын жүргізе отырып, шағымдарды, өтініштерді қарау және дауларды реттеу тәртібін бекітуді қамтамасыз етеді.

Осы тармақтың ережелерін Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалына қолданған кезде осы тармақтың 8)

тармақшасының ережесі Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атқарушы органына қолданылады."

7. "Өзге ақпарат аудиті шеңберінде тексеруге жататын мәселелердің тізбесін, Өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық қорытындының мазмұнына, оны аудиторлық ұйымның ұсыну мерзімдеріне қойылатын талаптар, Өзге ақпарат аудитіне тартылатын аудиторлық ұйымның құрамындағы аудиторларға қойылатын талаптарды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 245 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17751 болып тіркелген, 2018 жылғы 27 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияданған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы қаулы банкте, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалында, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалында, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыда өзге ақпаратты тексеруді аудитке қарағанда өзге тәсілмен жүргізуге қолданылады.";

көрсетілген қаулыға 1-қосымшаға сәйкес бекітілген Өзге ақпарат аудиті шеңберінде тексеруге жататын мәселелердің тізбесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банктегі, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалындағы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымындағы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалындағы, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыдағы (бұдан әрі - қаржы ұйымы) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін бағалау шеңберінде мына мәселелер тексерілуге тиіс:

1) қаржы ұйымының таңдалған бизнес-моделі мен даму стратегиясына қарай қаржы ұйымының тәуекел профилін айқындаудың барабарлығы;

2) қаржы ұйымының тәуекел дәрежесінің (тәуекелдің рұқсат берілген деңгейінің) шоғырландырылған деңгейін (деңгейлерін) және қаржы ұйымы тәуекелінің әрбір түрі бойынша тәуекел дәрежесінің деңгейлерін айқындау барабарлығы;

3) қаржы ұйымының стратегиялық және бюджеттік жоспарлауының экономикалық мақсаттары мен қабылдаған тәуекелдеріне сәйкес келуі;

4) қаржы ұйымының негізгі қаржылық көрсеткіштерін болжау сапасы;

5) қаржы ұйымының қызметіне тән тәуекелдерді өтеу үшін меншікті капиталдың (Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының резерв ретінде қабылданатын активтері) жеткіліктілігі мен қаржы ұйымының қызметіне тән тәуекелдерді жабуға арналған өтімділігін бағалаудың ішкі рәсімдерінің сапасы;



6) алдын ала болжанбаған жағдайлар туындаған жағдайда қаржы ұйымының қызметін қалпына келтіруге бағытталған іс-қимылдар жоспары;

7) қаржы ұйымының қызметіне және ішкі бақылауға тән тәуекелдерді басқару бойынша ішкі саясаттар мен рәсімдердің сапасы мен іске асырылуы;

8) лимиттердің көп деңгейлі жүйесінің шеңберінде тәуекелдердің әртүрлі түрлеріне сандық және сапалық лимиттердің шекті мәндерінің барабарлығы;

9) кепілмен қамтамасыз ету сапасы;

10) қарыз алушылардың ішкі рейтингтік бағасының (скорингтің) тиімділігі;

11) қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес құнсыздану белгілері бар активтерді анықтау және басқару рәсімдерінің тиімділігі;

12) ішкі және (немесе) сыртқы тәуекел индикаторларының өзгеруіне уақтылы ден қоюға бағытталған ертерек ескерту жүйесінің тиімділігі;

13) стресс-тестілеудің сапасы мен тиімділігі, сондай-ақ оның нәтижелерін тәуекелдерді басқару жүйесіне ықпалдастыруды барабарлығын бағалау;

14) тәуекелдерді басқару жүйесінің шеңберінде қаржы ұйымының уәкілетті алқалы органдарына ұсынылатын басқарушылық ақпараттың толықтығы, дәйектілігі мен уақтылығы;

15) үш қорғаныш желісі жүйесінің жұмыс істеуінің тиімділігі.

көрсетілген қаулыға 2-қосымшаға сәйкес бекітілген Өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық қорытындының мазмұнына, оны аудиторлық ұйымның ұсыну мерзімдеріне қойылатын талаптарда:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банктегі, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалындағы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалындағы, бағалы қағаздар нарығына кәсiби қатысушыдағы (бұдан әрi - қаржы ұйымы) өзге ақпарат аудитi бойынша аудиторлық қорытынды:

1) өзге ақпарат аудитi жүргiзiлген қаржы ұйымы туралы мәлiметтердi;

2) өзге ақпарат аудитiн жүргiзетiн аудиторлық ұйымның құрамындағы аудиторлардың бiлiктiлiгi мен жұмыс тәжiрибесi туралы мәлiметтердi;

3) аудиторлық ұйым тексерген мәселелер тiзбесi туралы ақпаратты;

4) iшкi құжаттарды, есептiлiктi және жүйенi қоса алғанда, тексерiлген ақпараттың тiзбесi мен көлемi, сондай-ақ аудиторлық ұйымының тұжырымы үшiн негiз болып табылатын тәуекелдер мен кемшiлiктердi анықтау үшiн жүргiзiлген тесттер туралы ақпаратты;

5) аудиттелген кезендi;

6) өзге ақпарат аудитiн жүргiзген кезде аудиторлық ұйым басшылыққа алған әдiстер, қағидаттар мен стандарттар жөнiндегi ақпаратты;

7) аудиторлық ұйымның халықаралық аудит стандарттарының талаптарын және Қазақстан Республикасы аудиторларының Әдеп кодексін сақтауы туралы өтінішті;

8) қолданылып жүрген озық халықаралық тәжірибені ескере отырып қалыптастырылған тексерілуге жататын мәселелерді талдау және бағалау нәтижелеріне, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабы 9-тармағының бесінші бөлігінде, "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 13-тармағының бесінші бөлігінде, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 55-1-бабы 9-тармағының бесінші бөлігінде көзделген және осы Талаптардың 2-тармағында көзделген қағидаттарға, осы Талаптардың 3-тармағында көзделген факторларға сәйкес келетін ақпаратты бағалау және талдау нәтижелеріне қатысты аудиторлық ұйымның тәуелсіз пікірі және (немесе) бақылаулары мен ұсынымдары түріндегі нақты білдірілген тұжырымдарды;

9) өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық қорытындыға қол қойылған күнді;

10) өзге ақпарат аудиті басшысының қолын;

11) өзге ақпарат аудитін жүргізген аудиторлық ұйымның нақты орналасқан жерін қамтиды.

Осы тармақтың 7) тармақшасының талабы өзге ақпаратты тексеруді аудитке қарағанда өзге тәсілмен жүргізген жағдайда қолданылмайды.";

көрсетілген қаулыға 3-қосымша Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын"

8. "Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға жеңілдікті жағдайлар беруге тыйым салуды белгілеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 273 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17781 болып тіркелген, 2018 жылғы 5 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияданған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Банкпен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға жеңілдікті жағдайлар беруге тыйым салуды белгілеудің кейбір мәселелері туралы";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Осы қаулының талаптары Заңның 40-бабында, сондай-ақ осы тармақта белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына, банк холдингтеріне (банк холдингі немесе банк холдингінің белгілеріне ие тұлға болып табылатын және Заңның 40-бабы 9-тармағының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының бейрезиденттерін

қоспағанда) және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қолданылады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының директорлар кеңесi деп Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң тиiстi басқару органы түсiнiледi , Қазақстан Республикасының бейрезидент банкi филиалының тәуелсiз директоры деп Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң тәуелсiз директоры түсiнiледi.";

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының меншiктi капиталы деп Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 22213 болып тiркелген № 23, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттiгi Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 23 қаулысымен бекiтiлген Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерi филиалдарының (оның iшiнде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерi филиалдарының) резерв ретiнде қабылданатын активтерiн қалыптастыру тәртiбiн және олардың ең төмен мөлшерiн қоса алғанда, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерiнiң филиалдары (оның iшiнде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерiнiң филиалдары) үшiн пруденциалдық нормативтердi және сақталуы мiндеттi өзге де нормалар мен лимиттердi, олардың нормативтiк мәндерiн және есептеу әдiстемесiне сәйкес есептелетiн, резерв ретiнде қабылданатын активтерi түсiнiледi."

9. "Банктiң және банк конгломератының қаржылық жай-күйiнiң нашарлауына әсер ететiн факторларды белгiлеу, сондай-ақ Ертерек ден қою шараларын мақұлдау қағидаларын және банк (банк конгломератының) қаржылық жай-күйiнiң нашарлауына әсер ететiн факторларды анықтау әдiстемесiн бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкi Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 317 қаулысына ( Қазақстан Республикасы Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 18186 болып тiркелген 2019 жылғы 24 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтiк құқықтық актiлерiнiң эталондық бақылау банкiнде жарияданған) мынадай өзгерiстер мен толықтырулар енгiзiлсiн:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Банктiң және банк конгломератының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының қаржылық жай-күйiнiң нашарлауына әсер ететiн факторларды белгiлеу, сондай-ақ Ертерек ден қою шараларын көздейтiн iс-шаралар жоспарын мақұлдау қағидаларын және банктiң (банк конгломератының), Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының қаржылық жай-күйiнiң нашарлауына әсер ететiн факторларды анықтау әдiстемесiн бекiту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банктiң, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының (бұдан әрi - банктер) қаржылық жай-күйiнiң нашарлауына әсер ететiн мынадай факторлар белгiленсiн:

1) өтiмдiлiк коэффициенттерiнiң төмендеуi;

2) негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар бойынша қалыптастырылған резервтерді есептегенде, олардың ұлғаюы;

3) таза жіктелген қарыздардың меншікті капиталға арақатынасының ұлғаюы;

4) негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 61 (алпыс бір) күннен 90 (тоқсан) күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар бойынша қалыптастырылған резервтерді есептегенде, олардың ұлғаюы;

5) негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар бойынша қалыптастырылған резервтерді есептегенде, олардың банктің несие портфелінің жалпы көлемі бойынша қалыптастырылған резервтерді есептегенде оған қатынасының асып кетуі;

6) жіктелген дебиторлық берешек бойынша қалыптастырылған резервтерді есептегенде ол бойынша қалыптастырылған резервтерді есептегендегі оның жиынтық дебиторлық берешектегі үлесінің ұлғаюы;

7) активтер рентабельділігі коэффициентінің төмендеуі;

8) ұлттық валютамен бос активтердің ұлттық валютамен талап етуге дейінгі міндеттемелерге қатынасының орташа мәнінің төмендеуі;

Осы тармақтың мақсаттары үшін:

қалыптастырылған резервтер деп халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес қалыптастырылған резервтер түсініледі;

қарыздар есебіне негізгі борыш сомасы кіреді;

таза жіктелген қарыздар деп бухгалтерлік есеп деректеріне сәйкес 10 (он) пайыздан жоғары деңгейде резервтер қалыптастырылған қарыздардың баланстық құны ( дисконттар (сыйлықақылар), оң (теріс) түзетулер, есептелген сыйақы және олар бойынша құрылған резервтер есептелген негізгі борыш) түсініледі.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының меншікті капиталы деп Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 23 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) үшін пруденциялық нормативтерді және сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, нормативтік мәндерін және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының ( оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банктері филиалдарының ) резерв ретінде қабылданатын активтерін және олардың ең төмен мөлшерін қалыптастыру тәртібін қоса алғанда, есептеу әдістемесіне сәйкес есептелген, резерв ретінде қабылданатын активтер түсініледі.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын мақұлдау қағидалары;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес банктің (банк конгломератының), Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесі";

көрсетілген қаулымен бекітілген Ертерек ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын мақұлдау қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Осы қағидалардың банктерге қатысты қолданылатын ережелері Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары қызметінің Заңда белгіленген ерекшеліктері ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына да қолданылады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының меншікті капиталы деп Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22213 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 23 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) резерв ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру тәртібін және олардың ең төмен мөлшерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) үшін пруденциалдық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесіне сәйкес есептелген, резерв ретінде қабылданатын активтер түсініледі.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктің (банк конгломератының) қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Банктің (банк конгломератының), Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы үшін қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесі";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Осы Әдістеменің банктерге қатысты қолданылатын ережелері "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары қызметінің ерекшеліктері ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына да қолданылады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының меншікті капиталы деп Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22213 болып

тіркелген, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 23 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) резерв ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру тәртібін және олардың ең төмен мөлшерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) үшін пруденциалдық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесіне (бұдан әрі - № 23 нормативтер) сәйкес есептелген, резерв ретінде қабылданатын активтер түсініледі.";

3, 4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау мынадай әдістеме бойынша жүзеге асырылады:

1) қатарынан 6 (алты) ай ішінде өтімділік коэффициенттерінің Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысымен бекітілген Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерінде, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерінде (бұдан әрі - № 170 нормативтер) немесе Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13939 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 144 қаулысымен бекітілген Ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесінде (бұдан әрі - № 144 нормативтер) немесе № 23 нормативтерде белгіленген өтімділік коэффициенттерінің ең төменгі мәндерінен 0,1-ге (нөл бүтін оннан бір) асатын деңгейге дейін немесе одан төмен деңгейге 2 (екі) және одан көп рет төмендеуі;

2) олар бойынша қалыптастырылған резервтерді есептемегенде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың қатарынан 6 (алты) ай ішінде қарыздардың ұлғаюы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$MҚ_6^{90} > MҚ_5^{90} > MҚ_4^{90} > MҚ_3^{90} > MҚ_2^{90} > MҚ_1^{90} > MҚ_0^{90}$$

МҚ90 (ай) - қаралатын кезеңнің белгілі бір айының соңында олар бойынша қалыптастырылған резервтерді есептемегенде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар (банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын

ұйымдарға қарыздар, дара кәсіпкерлерге қарыздарды қоса алғанда, жеке тұлғаларға қарыздар, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздарды қоса алғанда, заңды тұлғаларға қарыздар және "кері РЕПО" операциялары).

Қаралатын кезеңде жүйелі өсуі болмаған кезде осы тармақшада көрсетілген көрсеткіштің есепті кезеңде 5 (бес) және одан да көп пайыздық тармаққа өсуі де банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін фактор болып табылады, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{MK_6^{90} - MK_0^{90}}{MK_0^{90}} \geq 5\%;$$

3) есепті кезеңнің соңына қарай таза жіктелген қарыздар меншікті капиталдың 80 (сексен) пайызынан астам болған жағдайда және ол бойынша қалыптастырылған резервтерді есептемегенде, қаралатын кезеңде резервтердің абсолютті мәнінде өсу мөлшерінен, жіктелген қарыздардың өсу мөлшері қатарынан 6 (алты) ай ішінде таза жіктелген қарыздардың меншікті капиталға арақатынасының ұлғаюы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{TJK_6}{MK_6} > \frac{TJK_5}{MK_5} > \frac{TJK_4}{MK_4} > \frac{TJK_3}{MK_3} > \frac{TJK_2}{MK_2} > \frac{TJK_1}{MK_1} > \frac{TJK_0}{MK_0}$$

мынадай талаппен:

$TJK_6 > 80\%MK_6$  және  $(ЖҚБ_6 - ЖҚБ_0) > (ПР_6 - ПР_0)$ , мұнда:

ТЖҚ (ай) - қаралатын кезеңнің белгілі бір айының соңындағы олар бойынша құрылған резервтерді шегергенде, таза жіктелген қарыздар (банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қарыздар, дара кәсіпкерлерге қарыздарды қоса алғанда, жеке тұлғаларға қарыздар, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздарды қоса алғанда, заңды тұлғаларға қарыздар және "кері РЕПО" операциялары);

МК (ай) - қаралатын кезеңнің белгілі бір айының соңындағы № 170 нормативтерге, № 144 нормативтерге немесе № 23 нормативтерге сәйкес есептелген меншікті капитал;

ЖҚБ (ай) - қаралатын кезеңнің белгілі бір айының соңындағы олар бойынша қалыптастырылған резервтерді есептемегенде жіктелген қарыздар (банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қарыздар, дара кәсіпкерлерге қарыздарды қоса алғанда, жеке тұлғаларға қарыздар, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздарды қоса алғанда, заңды тұлғаларға қарыздар және "кері РЕПО" операциялары);

Пр (ай) - жіктелген қарыздар бойынша құрылған резервтердің қаралатын кезеңнің белгілі бір айының соңындағы мөлшері;

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының меншікті капиталы деп № 23 нормативтерге сәйкес есептелетін резерв ретінде қабылданатын активтер түсініледі;

4) негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 61 (алпыс бірден) 90 (тоқсан) күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың олар бойынша қалыптастырылған резервтерді есептемегенде қатарынан 6 (алты) ай ішінде 5 (бес) және одан көп пайызға ұлғаюы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$МҚ_6^{61-90} > МҚ_5^{61-90} > МҚ_4^{61-90} > МҚ_3^{61-90} > МҚ_2^{61-90} > МҚ_1^{61-90} > МҚ_0^{61-90}, \text{ мұнда:}$$

МҚ<sup>61-90</sup>- қаралатын кезеңнің белгілі бір айының соңында олар бойынша қалыптастырылған резервтерді есептемегенде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 61 (алпыс бірден) 90 (тоқсан) күнге дейін астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар (банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қарыздар, дара кәсіпкерлерге қарыздарды қоса алғанда, жеке тұлғаларға қарыздар, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздарды қоса алғанда, заңды тұлғаларға қарыздар және "кері РЕПО" операциялары).

Қаралатын кезеңде жүйелі өсу болмаған кезде осы көрсеткіштің есепті кезеңде 5 (бес) және одан да көп пайыздық тармаққа өсуі де банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін фактор болып табылады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{МҚ_6^{61-90} - МҚ_0^{61-90}}{МҚ_0^{61-90}} \geq 5\%, \text{ мұнда:}$$

$МҚ_6^{61-90}$

- есепті кезеңде олар бойынша қалыптастырылған резервтерді есептемегенде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 61 (алпыс бір) 90 (тоқсан) күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың орташа арифметикалық мәні (банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қарыздар, дара кәсіпкерлерге қарыздарды қоса алғанда, жеке тұлғаларға қарыздар, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздарды қоса алғанда, заңды тұлғаларға қарыздар және "кері РЕПО" операциялары);



МК<sub>0</sub><sup>61-90</sup>

- есепті кезеңге дейінгі қатарынан күнтізбелік 6 (алты) айдағы олар бойынша қалыптастырылған резервтерді есептемегенде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 61 (алпыс бір) күннен 90 (тоқсан) күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың арифметикалық орташа мәні (банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қарыздар, дара кәсіпкерлерге қарыздарды қоса алғанда, жеке тұлғаларға қарыздар, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздарды қоса алғанда, заңды тұлғаларға қарыздар және "кері РЕПО" операциялары);

5) олар бойынша қалыптастырылған резервтерді есептемегенде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың ол бойынша қалыптастырылған резервтерді есептемегенде банктің несие портфелінің жалпы көлеміне қатынасының асып кетуі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{\text{ТҚ}}{\text{НП}} \geq 10\%, \text{ мұнда:}$$

ТҚ - қарастырылатын кезеңнің соңына қарай ол бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар (банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қарыздар, дара кәсіпкерлерге қарыздарды қоса алғанда, жеке тұлғаларға қарыздар, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздарды қоса алғанда, заңды тұлғаларға қарыздар және "кері РЕПО" операциялары);

НП - қарастырылатын кезеңнің соңына қарай ол бойынша қалыптастырылған резервтерді есептемегенде несие портфелі (банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қарыздар, дара кәсіпкерлерге қарыздарды қоса алғанда, жеке тұлғаларға қарыздар, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздарды қоса алғанда, заңды тұлғаларға қарыздар және "кері РЕПО" операциялары);

б) қатарынан 6 (алты) ай ішінде ол бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде жиынтық дебиторлық берешектегі ол бойынша қалыптастырылған резервтерді есептемегенде жіктелген дебиторлық берешек үлесінің ұлғаюы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{\text{ЖДБ}_6}{\text{ДБ}_6} > \frac{\text{ЖДБ}_5}{\text{ДБ}_5} > \frac{\text{ЖДБ}_4}{\text{ДБ}_4} > \frac{\text{ЖДБ}_3}{\text{ДБ}_3} > \frac{\text{ЖДБ}_2}{\text{ДБ}_2} > \frac{\text{ЖДБ}_1}{\text{ДБ}_1} > \frac{\text{ЖДБ}_0}{\text{ДБ}_0}$$

келесі талап орындалған жағдайда

$$\frac{ЖДБ_6}{ДБ_6} \geq 50\% \text{ және } \frac{ДБ_6}{А_6} \geq 10\% \text{ мұнда:}$$

ЖДБ (ай) - қарастырылатын кезеңнің белгілі бір айының соңына қарай ол бойынша қалыптастырылған резервтерді есептемегенде жіктелген дебиторлық берешек;

ДБ (ай) - қарастырылатын кезеңнің белгілі бір айының соңына қарай ол бойынша қалыптастырылған резервтерді есептемегенде жиынтық дебиторлық берешек;

А (ай) - қарастырылатын кезеңнің белгілі бір айының соңына қарай жиынтық активтер.

Қаралатын кезеңде жүйелі өсуі болмаған кезде осы тармақшада көрсетілген көрсеткіштің есепті кезеңде 5 (бес) және одан да көп пайыздық тармаққа өсуі де банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін фактор болып табылады, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{ЖДБ_6}{ДБ_6} - \frac{ЖДБ_0}{ДБ_0} \geq 5\%$$

Жіктелген дебиторлық берешек ретінде бухгалтерлік есеп деректеріне сәйкес 10 (он) пайыздан жоғары деңгейде резервтер қалыптастырылған дебиторлық берешек түсініледі.

Жіктелген дебиторлық берешек есебіне негізгі борыш сомасы енгізіледі.

Жиынтық дебиторлық берешектің төмендеуі нәтижесінде жиынтық дебиторлық берешектегі жіктелген дебиторлық берешектің үлесі ұлғайған жағдайда, осы тармақшада көзделген фактор банкке қолданылмайды;

7) қатарынан 6 (алты) ай ішінде активтер рентабельділігі коэффициентін 2 (екі) және одан көп рет 0,2 (нөл бүтін оннан екі) пайыздан төмен түсуі.

Активтер рентабельділігінің коэффициенті жылдық көрсетудегі бөлінбеген таза кірістің (өтелмеген шығынның) активтердің орташа шамасына қатынасы ретінде мынадай формула бойынша есептеледі:

$$ROA_n = \frac{БТК(ОТШ)_n}{Аорт_n} * T_k, \text{ мұнда:}$$

БТК (ОТШ) (n) - табыс салығы төленгеннен кейін ағымдағы кірістердің (шығыстардың) ағымдағы шығыстардан (кірістерден) асуы;

Аорт(n) - белгілі бір қаралатын кезеңдегі активтердің орташа шамасы;

Т к - мынадай формула бойынша есептелетін түзету коэффициенті:

$$T_k = \frac{12}{A}, \text{ мұнда:}$$

A - тиісті қаржы жылының басынан бастап өткен айлар саны.

Активтердің орташа шамасы тиісті жылдың өткен айларындағы активтер мөлшері сомасының тиісті жылдың өткен айларының санына қатынасы ретінде мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{Аорт}_n = \frac{A_0 + A_1 + \dots + A_n}{n+1}, \text{ мұнда:}$$

Аорт(n) - белгілі бір қаралатын кезеңдегі активтердің орташа шамасы;

A (0, 1...n) - белгілі бір айдың соңына қарай активтердің мөлшері;

n - тиісті қаржы жылының басынан бастап өткен айлар саны;

8) қатарынан 6 (алты) ай ішінде ұлттық валютадағы бос активтердің ұлттық валютадағы талап еткенге дейінгі міндеттемелерге қатынасының орташа мәні 0,4 төмен 2 (екі) және одан көп төмендеуі.

Ұлттық валютадағы бос активтерге:

қолма-қол ақша;

корреспонденттік шоттардағы қаражат;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар;

шетел валютасында номинирленгендерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының ауыртпалық салынбаған мемлекеттік бағалы қағаздары;

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы және "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы шығарған ауыртпалық салынбаған бағалы қағаздар;

банктердегі овернайт - салымдары;

кері репо - овернайт;

2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге жасалған валюталық своп операциялары бойынша ұлттық валютадағы талаптар кіреді.

Ұлттық валютадағы талап еткенге дейінгі міндеттемелерге:

жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары және талап еткенге дейінгі шоттары;

заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары және талап еткенге дейінгі шоттары;

басқа банктердің корреспонденттік шоттары және талап еткенге дейінгі шоттары;

басқа банктердің овернайт - салымдары;

2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге жасалған валюталық своп операциялары бойынша ұлттық валютадағы міндеттемелер кіреді.

Осы факторды есептеу мақсаттары үшін ұлттық валютадағы бос активтердің ұлттық валютадағы талап еткенге дейінгі міндеттемелерге қатынасының орташа мәні мына формула бойынша есептеледі:

$$\left( \sum_{i=1}^n \frac{\text{Ұлттық валютадағы бос активтер}}{\text{Ұлттық валютадағы талап еткенге дейінгі міндеттемелер}} \right) / n, \text{ мұнда:}$$

n - бір айдағы күнтізбелік күндердің саны.

Есепті күні аяқталатын кезең қаралатын кезең болып табылады. Осы тармақшада көрсетілген факторды есептеу кезінде өзгерістер үтірден кейін үш таңбамен беріледі;

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалына осы тармақтың 7) тармақшасы № 23 нормативтерiнде көзделген (k1) резерв ретiнде қабылданатын активтер жеткiлiктiлiгi коэффициентi 0,13 (нөл бүтiн жүзден он үш) коэффициентiне тең немесе төмен болған жағдайда қолданылады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының бөлiнбеген таза пайда (өтелмеген шығын) деп Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалы қызметiнiң нәтижесi (таза кiрiстер немесе таза шығыстар) түсiнiледi.

4. Осы қаулының 1-тармағы бiрiншi бөлiгiнiң 1), 2), 7) және 9) тармақшаларында көзделген факторлардың есебiне енгiзiлген көрсеткiштер уәкiлеттi орган жыл сайын 1 ақпанға дейiн Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 19925 болып тiркелген "Қаржы ұйымдарын жүйелiк маңызы бар ұйымдар қатарына жатқызу қағидаларын бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкi Басқармасының 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 240 қаулысына сәйкес жүйелiк маңызы бар ұйымдар қатарына жатқызылған қаржы ұйымдарының тiзiмiне, жүйелiк маңызы бар болып танылуы мүмкiн әлеуеттi банктер тiзiмiне енгiзiлген банктерге есептi жылдың 1 сәуiрiнен кеш емес мерзiмде стресс-тестiлеу жүргiзу және оның нәтижелерiн уәкiлеттi органға ұсыну үшiн беретiн уәкiлеттi органның сценарийлерiмен толықтырылады.

5. Банк конгломератының қаржылық жай-күйiнiң нашарлауына әсер ететiн факторларды анықтау мынадай әдiстеме бойынша жүзеге асырылады:

1) банк конгломераты меншiктi капиталының жеткiлiктiлiгi коэффициенттерiнiң есептi тоқсанда Нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде № 14790 болып тiркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкi Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 309 қаулысымен бекiтiлген Пруденциялық нормативтердiң және сақталуға мiндеттi өзге де нормалар мен банк конгломераты капиталының мөлшерi лимиттерiнiң нормативтiк мәндерi және есептеу әдiстемесiмен (бұдан әрi - № 309 нормативтер) көзделген банк конгломератының меншiктi капиталы жеткiлiктiлiгiнiң ең төменгi мәндерiнен 0,02-ге (қоса алғанда) асатын деңгейге дейiн немесе одан төмен азайту;

2) банк конгломератының бір қарыз алушысына келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшері коэффициенттерінің есепті тоқсанда № 309 нормативтерде белгіленген банк конгломератының бір қарыз алушысына шаққандағы тәуекелдің ең жоғары мөлшері коэффициенттерінің ең мәндерінен 0,01-ден (қоса алғанда) төмен деңгейге дейін ұлғайту;

3) есепті тоқсанда банк конгломератына қатысушылар арасындағы топ ішіндегі мәмілелер бойынша (банк конгломератына қатысушылардың басқа қатысушылардың капиталына инвестицияларын, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйыммен жасалған мәмілелерді, есепті күні жабылған мәмілелерді қоспағанда) банк конгломератына қатысушылардың бір-біріне талаптары сомасының банк конгломератының меншікті капиталынан 0,3 (нөл бүтін оннан үш) деңгейіне дейін ұлғайту."

10. "Екінші деңгейдегі банктерге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 12 қарашадағы № 188 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19632 болып тіркелген, 2019 жылғы 27 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияданған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктерге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары";

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі - Банктер туралы заң) сәйкес әзірленді және

екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына (бұдан әрі - банк) арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру тәртібін белгілейді.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық технологиялар тәуекелі - банк пайдаланатын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың істен шығуы (жұмыс істеуінің бұзылуы) салдарынан зиян туындау ықтималдығы;

2) ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі - конфиденциалдылықты бұзу, банк активтерінің тұтастығын немесе қолжетімділігін қасақана бұзу салдарынан зиянның пайда болу ықтималдығы;

3) банктің уәкілетті алқалы органы - директорлар кеңесі, директорлар кеңесінің жанындағы комитет, басқарма, басқарманың жанындағы комитет;

4) бедел тәуекелі - қоғамда банктің сенімділігі, ол көрсететін қызметтердің сапасы немесе жалпы банк қызметінің сипаты туралы теріс ұғым қалыптасу салдарынан клиенттік базаның тарылуы, өзге де даму көрсеткіштерінің төмендеуі нәтижесінде жоспарланған кірістерді алмау ықтималдығы;

5) заңдық тәуекел - банктің не контрәріптестің Қазақстан Республикасының азаматтық, салық, банктік заңнамасының, Қазақстан Республикасының мемлекеттік реттеу туралы, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамтамасыз ету туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарын, ал Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен қатынастарда - оның шығу елінің заңнамасының, сондай-ақ жасасқан шарттардың талаптарын сақтамауы салдарынан залалдардың туындау ықтималдығы;

6) капитал жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесі - активтердің көлемін, қызметтің сипаты мен күрделілік деңгейін, ұйымдастыру құрылымын, стратегиялық жоспарларды, банктің тәуекел-профилін, нормативтік құқықтық базасын есепке алғандағы маңызды тәуекелдерді басқару процестерінің жиынтығы, тұрақты қаржылық жағдайды және төлем қабілеттілігін ұстап тұру үшін банк капиталы жеткіліктілігінің нысаналы деңгейін анықтау мақсатында мұндай тәуекелдерді бағалау және біріктіру.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалының капиталы деп, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22213 болып тіркелген, "Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) резерв

ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру тәртібін және олардың ең төмен мөлшерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) үшін пруденциалдық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 23 қаулысының талаптарына сәйкес есептелген Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының резерві ретінде қабылданатын активтер түсініледі;

7) кепілсіз тұтынушылық қарыз - жеке тұлғаға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес мақсаттарға берілген, берілу сәтіне кепіл туралы талап қоюсыз банктік қарыз;

8) комплаенс-тәуекел - банктің және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының азаматтық, салық, банктік заңнамасының, Қазақстан Республикасының мемлекеттік реттеу туралы, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамтамасыз ету туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарын, банктің қызмет көрсету және қаржы нарығында операциялар жүргізу тәртібін реттейтін банктің ішкі құжаттарының, сондай-ақ банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттер заңнамасының талаптарын орындамау салдарынан шығындардың туындау ықтималдығы;

9) корпоративтік басқару - банк басқармасының (филиалы Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің тиісті атқарушы органы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының басшы қызметкерлері), акционерлердің, басшы қызметкерлердің және аудиторлар директорлар кеңесінің (филиалы Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің тиісті басқару органы) арасындағы өзара қарым-қатынастар, сондай-ақ банктің уәкілетті алқалы органдары арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесі.

Корпоративтік басқару жүйесі өкілеттіктер мен жауапкершілікті бөлуді ұйымдастыруға, сондай-ақ корпоративтік шешімдер қабылдау процесін құруға мүмкіндік береді;

10) кредиттік тәуекел - қарыз алушының немесе контрагенттің банктік қарыз шартының талаптарына сәйкес өз міндеттемелерін орындамау салдарынан туындайтын шығын ықтималдығы;

11) кредит төлеу қабілеттілігі - қарыз алушының қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштермен ұсынылған, келешекте мүмкіншіліктерін толығымен бағалауға және банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді мерзімінде орындауға мүмкіндік беретін құқылық және қаржылық кешенді сипаттамасы;

12) кредит шарты - нәтижесінде банктің қарыз алушыға талабы туындайтын (немесе келешекте туындауы мүмкін) қаржыландыру (шартты қаржыландыруды қоса) туралы банк пен қарыз алушы арасындағы келісім;

13) күтпеген оқиғалар орын алған жағдайда қаржыландыру жоспары - банктің өз міндеттемелері бойынша уақтылы жауап беру қабілетінің төмендеуіне ден қоюға арналған рәсімдердің жиынтығы мен іс-қимылдар жоспары;

14) қорғалатын ақпаратқа ие бөлімше - конфиденциалдылығын, тұтастығын немесе қолжетімділігін бұзу банкті шығындарға алып келетін ақпараттың иесі, банк бөлімшесі;

15) маңызды ақпараттық актив - Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 16772 болып тіркелген, "Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, Ақпараттық жүйелердегі бұзушылықтар, іркілістер туралы мәліметтерді қоса алғанда, ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпаратты беру қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 48 қаулысына сәйкес айқындалатын ақпараттық актив;

16) маңызды тәуекел - іске асырылуы банктің қаржылық тұрақтылығының нашарлауына алып келетін тәуекел;

17) мүдделер қайшылығы - банктің, оның акционерлерінің (филиалы Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасының резиденті емес банк акционерлерінің) және (немесе) оның қызметкерлерінің жеке мүдделілігі және олардың өз лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындауы немесе банктің және (немесе) оның қызметкерлерінің және (немесе) клиенттерінің мүліктік және өзге де мүдделері арасында қарама-қайшылық туындайтын, бұл банк және (немесе) оның клиенттері үшін қолайсыз салдарға әкеп соқтыруы мүмкін жағдай;

18) нарықтық тәуекел - нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің, шетел валюталары бағамдарының, қаржы құралдарының, тауарлардың нарықтық құнының өзгерістерінде байқалатын нарықтық жағдайдың тиімсіз өзгерістері себеп болатын баланстық және баланстық емес баптары бойынша қаржы шығыны туындау ықтималдығы;

19) операциялық тәуекел - қолайсыз және жеткіліксіз ішкі процестер, адами ресурстар мен жүйелер нәтижесінде, немесе стратегиялық тәуекел мен беделдік



тәуекелден басқа сыртқы оқиғалардың ықпалынан орын алуы мүмкін шығын ықтималдығы;

20) өтімділік жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесі - банктің өтімділіктің тиісті деңгейін ұстап тұруы және қызметтің, валютаның түріне қарамастан түрлі уақыт аралықтарында өтімділік тәуекелін басқарудың тиісті жүйесін енгізу мақсатында өтімділік тәуекелін басқару процестерінің жиынтығы;

21) өтімділік тәуекелі - банктің өз міндеттемелерін елеулі шығындарсыз белгіленген мерзімде орындауға қабілетсіздігі нәтижесінде қаржылық залалдардың туындау ықтималдығы;

22) саясат - банктің директорлар кеңесімен бекітілген, банктің тиімді қызмет етуін және оның қызметінің стратегиясына, тәуекел бейініне, тәуекел дәрежесіне сәйкестігін қамтамасыз ететін негізгі сандық және сапалық өлшемдерін, қағидаттарын, стандарттарын айқындайтын ішкі құжат. Саясат шеңберінде банктің директорлар кеңесі жекелеген рәсімдерді, процестерді, нұсқаулықтарды сипаттайтын тиісті ішкі құжаттардың болуын қамтамасыз етеді;

23) стратегиялық тәуекел - банктің стратегиялық дамуын айқындайтын және банктің қызметіне тән қауіптерді жеткілікті түрде есепке алмаудан көрінетін шешімдер қабылдау, банктің бәсекелестер алдында басымдыққа жетуі мүмкін қызметтің перспективалық бағыттарын дұрыс немесе жеткілікті түрде негіз келтіріп айқындамау, банк қызметінің стратегиялық мақсаттарына жетуді қамтамасыз ететін қажетті ресурстар мен ұйымдастыру шараларының болмауы немесе толық көлемде қамтамасыз етілмеуі кезінде жіберілген қателер (кемшіліктер) нәтижесінде залалдардың туындау ықтималдығы;

24) стресс-тестілеу - ерекше, бірақ ықтимал оқиғалардың банктің қаржылық жағдайына әлеуетті әсерін бағалау әдісі;

25) тәуекел - күтілетін немесе көзделмеген оқиғалардың банктің қаржылық орнықтылығына, оның капиталына және (немесе) кірістеріне теріс әсер етуі мүмкін ықтималдық;

26) тәуекел-мәдениет - тәуекелдердің банктің қаржылық жай-күйіне әсер етуін азайту мақсатында, банктің тәуекелдерді түсінуіне, қабылдауына, басқаруына және бақылауына бағытталған процестері, рәсімдері, ішкі қағидалары, сондай-ақ ұйымдық құрылымның барлық қатысушыларының кәсіби қызметінің этикалық нормалары және стандарттары. Тәуекел-мәдениет банк қызметінің қолданыстағы бекітілген рәсімдерін, процестерін және тетіктерін толықтырады және тәуекелдерді басқару жүйесінің ажырамас құрауышы болып табылады;

27) тәуекел-бейін - тәуекел түрлерінің және әлсіз тараптарды анықтау және тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберіндегі келесі іс-қимылдардың басымдығын айқындау үшін банктің банк қызметінің барлық түріне тән тәуекелдер түрлеріне ұшырау дәрежесін сипаттайтын өзге мәліметтердің жиынтығы;

28) тәуекел дәрежесін мәлімдеу - банктің директорлар кеңесі бекітетін, маңызды тәуекелдердің банк қабылдауға дайын не стратегияны іске асыру кезінде алып тастауға ниетті болатын біріктірілген деңгейі (деңгейлері) (тәуекелдің рұқсат етілген мөлшерінің лимиттері) сипатталатын құжат. Тәуекел дәрежесін мәлімдеу кірістілікке, капиталға, өтімділікке, тәуекелдерге қатысты көрсеткіштерді, өзге қолданылатын көрсеткіштерді қоса алғанда, сапалық сипаттағы, сондай-ақ сандық сипаттағы мәмілені қамтиды;

29) тәуекелді өңдеу - тәуекелдерді өзгерту жөніндегі шараларды таңдау және іске асыру процесі;

30) тәуекелдер тізілімі - тәуекелдердің өлшемшарттары мен туындау салдары, олардың туындау ықтималдығы, әсері (залалы), тәуекелдерді өңдеу басымдығы мен әдістері бар құрылымдалған тәуекелдер тізілімі;

31) уәкілетті орган - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

32) ұйымдастыру құрылымы - банктің бағыныштылық, есеп беру құрылымын көрсететін басқару органдарының, басшы қызметкерлерінің және құрылымдық бөлімшелерінің сандық құрамын және жүйесін белгілейтін ішкі құжат және (немесе) ішкі құжаттардың жиынтығы.

Осы Қағидалардың талаптарын Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалына қолданған кезде:

директорлар кеңесі деп Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің тиісті басқару органы түсініледі;

басқарма деп Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының басшы қызметкерлері түсініледі;

меншікті капитал деп Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22213 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 23 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) резерв ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру тәртібін және олардың ең төмен мөлшерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) үшін пруденциалдық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін белгілеу туралы" қаулысының талаптарына сәйкес есептелген резерв ретінде қабылданатын активтер түсініледі;

қаржылық есептілік деп Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының бухгалтерлік есебінің деректері бойынша есептілік түсініледі;

тәуекел-менеджмент басшысы деп Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының тәуекелдердi басқару жөнiндегi бөлiмше басшысы түсiнiледi;

бас комплаенс-бақылаушы деп Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының комплаенс-бақылау жөнiндегi бөлiмше басшысы түсiнiледi.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Тәуекелдердi басқару жүйесi:

1) тiршiлiкке бейiмдi және тұрақты бизнес моделiн, тәуекел дәрежесiнiң стратегиясы есебiмен стратегия мен бюджеттi тиiмдi жоспарлау процесiн таңдауға негiзделген банк қызметiнiң негiзгi бағытының кiрiстiлiгi мен қабылданатын тәуекелдер деңгейiнiң оңтайлы ара қатынасын;

2) банк тәуекелдерiнiң мөлшерiн объективтi бағалауын, тәуекелдердi басқаруының толықтығын және процестерiн құжаттандыруды, оларды алдын ала анықтауын, өлшеуiн және бағалауын, мониторингi мен бақылауын, банктiң меншiктi капиталы мен өтiмдiлiгiн жеткiлiктi көлемде ұстау мақсатында қаржылық ресурстарын, қызметкерлерiн және ақпараттық жүйесiн оңтайлы пайдалана отырып ұйымдастыру құрылымының әр деңгейiнде елеулi тәуекел түрлерiн барынша азайтуын;

3) ұйымдастыру құрылымының барлық деңгейiнде банктiң елеулi тәуекелдерге бейiм барлық қызмет түрлерiн қамтуын, жекелеген елеулi тәуекел түрлерiне бағалардың толықтығын, банктiң тәуекел-профилiн анықтау мен тәуекел дәрежесiн құру мақсатында олардың өзара ықпал етуiн;

4) барлық елеулi тәуекел түрлерi бойынша тәуекел дәрежесi деңгейiнiң болуын және белгiленген деңгейлер бұзылған жағдайда, оның iшiнде деңгейi жоғары деп айқындалған тәуекелдердi қабылдау жауапкершiлiгiн, тәуекел дәрежесi стратегиясының шеңберiнде банктiң директорлар кеңесiн, директорлар кеңесi жанындағы комитеттерiн және басқармасын (филиалы Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң тиiстi атқарушы органын) ақпараттандыру рәсiмдерiн қоса iс-қимыл алгоритмiн;

5) тиiмдi корпоративтiк басқару жүйесiн құру арқылы тәуекелi бар шешiм қабылдайтын банктiң уәкiлеттi алқалы органдарының хабардарлығын, банк қызметiне тән елеулi тәуекелдер туралы толық, шынайы және уақтылы басқарушылық ақпараттың бар-жоғын;

6) ұсынылған ақпаратты сапалы, аса сақтықпен және ұқыптылықпен (duty of care) жан-жақты бағалау негiзiнде банк мүддесiнде ұтымды шешiмдер қабылдауын және iс-қимыл жасауын. Сақтық пен ұқыптылық таныту мiндеттемесi, тек егер банктiң қызметкерлерi және лауазымды тұлғалары өрескел ұқыпсыздық танытпаған болса, бизнес шешiмдер қабылдау процесiнде қателерге тарамайды;

7) банктiң қызметкерлерi және лауазымды тұлғалары өздерiнiң жеке басының пайдасын, банкпен ерекше қатыспен байланысты тұлғалардың мүддесiн есепке алмай,

банк мүддесіне залал келтірмей (duty of loyalty) банк мүддесінде адал шешім қабылдауын және іс-қимыл жасауын;

8) банктің барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлері арасында функцияларын, міндеттемелері мен өкілеттіктерін, және де мүдделер қақтығысын барынша азайту есебімен олардың жауапкершіліктерін нақты бөлуін;

9) үш қатарлы қорғаныс жүйесін құру арқылы банктің тәуекел және ішкі бақылау басқармасының функциясын операциялық қызметінен бөлуін, оның ішінде:

бірінші қатар - банктің құрылымдық бөлімшелері деңгейінде;

екінші қатар - тәуекелді басқару және бақылау функциясын атқаратын бөлімшелері деңгейінде;

үшінші қатар - тәуекелді басқару жүйесінің қызмет ету тиімділігіне баға беру бөлігінде ішкі аудит бөлімшесінің деңгейінде;

10) банк қызметін регламенттеу мақсатында әзірленген құжаттардың бар-жоғын, банкте стратегиясына, ұйымдастыру құрылымына, банк тәуекелдерінің профиліне және Қазақстан Республикасының азаматтық, салық, банктік заңнамасының, Қазақстан Республикасының мемлекеттік реттеу туралы, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамтамасыз ету туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ сәйкес келетін және тәуекелді басқару мен ішкі бақылау тиімді жүйесін құруын және жұмыс істеуін, сондай-ақ оларды кезеңдік қайта қарауын және өзектендіруін;

11) Қазақстан Республикасының азаматтық, салық, банктік заңнамасының, Қазақстан Республикасының мемлекеттік реттеу туралы, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамтамасыз ету туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарының сақталуын;

12) банктің тәуекелдерді басқару жөніндегі қолданыстағы рәсімдердің, процестердің, саясаттардың және өзге де ішкі құжаттарының ішкі бақылаудың тиімді жүйесін құру арқылы сақталуын қамтамасыз етеді.";

19, 20 және 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Корпоративтік басқарудың тиімді жүйесінің негізгі элементтері мыналар болып табылады:

- 1) ұйымдық құрылым;
- 2) корпоративтік құндылықтар;
- 3) банк қызметінің стратегиясы;
- 4) банктің уәкілетті органдары арасында шешімдер қабылдауға қатысты міндеттер мен өкілеттіктерді бөлу;
- 5) банктің директорлар кеңесі мүшелерінің, басқармасының (филиалы Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің тиісті атқарушы органының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының басшы қызметкерлері), сыртқы және ішкі аудиторлары арасындағы өзара іс-қимыл және ынтымақтастық тетіктері;
- 6) тәуекелдерді басқару рәсімдері және әдістері;
- 7) ішкі бақылау жүйесі;
- 8) сыйақы жүйесі;
- 9) басқару есептілігінің барабар жүйесінің болуы;
- 10) корпоративтік басқарудың айқындылығы.

20. Банктің ұйымдық құрылымы таңдап алынған бизнес-модельге, қызмет ауқымына, операциялардың түрлері мен күрделілігіне сәйкес келеді, мүдделер қайшылығын барынша азайтады және алқалық органдар және құрылымдық бөлімшелер арасындағы тәуекелдерді басқару өкілеттіктерін қоса алғанда, бірақ шектемей бөледі:

- 1) банктің директорлар кеңесі;
- 2) банктің директорлар кеңесі жанындағы комитеттер;
- 3) банктің басқармасы (филиалы Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің тиісті атқарушы органы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының басшы қызметкерлері);
- 4) тәуекелдерді басқару бөлімшесі (бөлімшелері);
- 5) комплаенс-бақылау бөлімшесі;
- 6) ішкі аудит бөлімшесі.

21. Банктің директорлар кеңесінің негізгі қағидаттары мен міндеттеріне мыналар жатады:

- 1) ұсынылатын ақпаратты адал, тиісті сақтықпен және ұқыптылықпен (duty of care) жан-жақты талдау негізінде банктің мүддесіне ұтымды шешімдер қабылдау және іс-әрекет ету. Егер директорлар кеңесінің мүшелері бұл ретте өрескел ұқыпсыздық көрсетпеген болса, сақ және ұқыпты болу міндеті бизнес-шешімдер қабылдау процесіндегі қателерге қолданылмайды;

2) банкпен ерекше қатынастағы адамдардың жеке пайдаларын, банктің мүддесіне зиян келтіретін мүдделерін (duty of loyalty) ескермей банктің мүддесі үшін шешімдер қабылдау және адал түрде іс-әрекет ету;

3) банктің қызметіне белсенді түрде тарту және банк қызметінің нақты өзгерістері және сыртқы талаптар туралы хабардар ету, сондай-ақ банктің ұзақ мерзімді перспективадағы мүддесін қорғауға бағытталған уақытылы шешімдер қабылдау;

4) корпоративтік басқару кодексінің жобасын және (немесе) оған өзгерістерді алдын ала қарау.

Корпоративтік басқару кодексі шеңберінде мүдделер қайшылығын басқару рәсімі және оны іске асыру, сондай-ақ орындалуын бақылау тетіктері әзірленеді. Рәсім мынадай құрауыш бөліктерді қамтиды:

банк қызметіндегі мүдделер қайшылығын барынша азайту рәсімдерінің тетігі;

мүдделер қайшылығын болдырмау мақсатында басқа ұйымның лауазымды тұлғасының функцияларын орындауға кіріскенге дейін директорлар кеңесінің мүшесі өтетін мақұлдау процесі;

директорлар кеңесі мүшелерінің мүдделер қайшылығын жасайтын немесе оның туындауының әлеуетті себебі болып табылатын кез келген мәселе бойынша дереу ақпарат ұсыну міндеті;

директорлар кеңесі мүшелерінің мәселелер бойынша дауыс беруден қалыс қалу міндеті, олардың шеңберінде директорлар кеңесі мүшесінің мүдделер қайшылығы бар;

директорлар кеңесінің рәсімнің ережелерін бұзушылықтарға ден қою тетігі.

Корпоративтік басқару кодексі шеңберінде рәсімдер әзірленеді, олар арқылы банк қызметкерлері банктің қызметіне қатысты бұзушылықтар туралы конфиденциалды түрде хабарлайды;

5) банктің корпоративтік басқару жүйесінің мынадай қағидаттарға сәйкестігін қамтамасыз ету:

банк қызметінің ауқымы мен сипатына, оның құрылымына, тәуекелдер саласына, банктің бизнес-моделіне сәйкестігі;

акционерлердің Қазақстан Республикасының азаматтық, банктік заңнамасына, Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес көзделген құқықтарын қорғау және осы құқықтарды іске асыруды қолдау;

Қазақстан Республикасының банктік заңнамасына, Қазақстан Республикасының мемлекеттік реттеу туралы, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес ақпаратты уақтылы және шынайы түрде ашуды қамтамасыз ету;

өз міндеттерін орындау үшін директорлар кеңесі мүшелерінің толық, өзекті және уақытылы ақпаратқа қолжетімділігі бар;

б) мынадай ішкі құжаттарды бекіту және олардың орындалуын бақылау:

банктің ұйымдық құрылымы;

банкті дамыту стратегиясы;

банктің рентабельділігін басқару саясаты;

стресс-тестілеу рәсімдері және сценарийлері;

көзделмеген ахуал жағдайына арналған қаржыландыру жоспары;

қызметтің үздіксіздігін басқару саясаты;

банктің басшы қызметкерлеріне және банктің директорлар кеңесіне тікелей есеп беретін банк қызметкерлеріне сыйақы төлеу ішкі тәртібі;

кадр саясаты;

еңбекақы төлеу саясаты;

есеп саясаты;

тариф саясаты;

кредит саясаты;

проблемалық активтер саясаты;

капитал жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесінің (бұдан әрі - КЖБІП) негізгі тәсілдері мен қағидаттарын регламенттейтін құжат;

өтімділік жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесінің (бұдан әрі - ӨЖБІП) негізгі тәсілдері мен қағидаттарын регламенттейтін құжат;

банктің ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару саясаты (саясаттары);

ішкі бақылау саясаты;

кредиттік тәуекелді басқару саясаты;

нарықтық тәуекелді басқару саясаты;

операциялық тәуекелді басқару саясаты;

комплаенс-тәуекелді басқару саясаты;

қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыру (бұдан әрі - АЖ/ТҚ) тәуекелін басқару саясаты;

кепіл саясаты;

өтімділікті басқару саясаты;

ішкі аудит саясаты, ішкі аудитордың этика кодексі, ішкі аудит бөлімшесі туралы ереже, ішкі аудитті жүзеге асыру рәсімдері, ішкі аудиттің жылдық жоспары;

ішкі аудиторды тарту саясаты (рәсімі);

7) банктің тәуекел дәрежесінің стратегиясын және тәуекел дәрежесінің деңгейін бекіту;

8) тәуекел дәрежесі стратегиясының, тәуекел дәрежесі деңгейлерінің және тәуекелдерді басқару саясатының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

9) бухгалтерлік есепке жауапты қаржы қызметінің болуын және қаржы есептілігінің сапалы жасалуын қамтамасыз ету;

10) аудиторлық ұйым растаған жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту, сондай-ақ қажеттілігі бойынша мерзімді тәуелсіз тексерулер жүргізуге сұрату жіберу;

11) банк басқармасының мүшелерін (филиалы Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің тиісті атқарушы органының мүшелерін) сайлау, тәуекел-менеджмент басшысын, ішкі аудит басшысын және бас комплаенс-бақылаушыны тағайындау;

12) анықталған бұзушылықтарды жоюды кейіннен бақылай отырып, аудит комитеті жіберген есептерді қарау;

13) банк рәсімдерінің тиімді сақталуын бақылау, олар арқылы банк қызметкерлері банктің қызметіне және Қазақстан Республикасының азаматтық, салық, банктік заңнамасының, Қазақстан Республикасының мемлекеттік реттеу туралы, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамтамасыз ету туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарына қатысты бұзушылықтар, сондай-ақ асыра сілтеушіліктер туралы конфиденциалды түрде хабарлайды;

14) банкте қорғаудың мынадай үш желісін қалыптастыру:

қорғаудың бірінші желісін банктің тәуекелдерді уақтылы анықтауға, бағалауға, олар туралы ақпаратты қорғаудың екінші желісінің бөлімшелеріне жіберуге, сондай-ақ тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшелері қамтамасыз етеді. Қорғаудың бірінші желісі банктің тәуекел дәрежесінің бекітілген деңгейлері шеңберінде операцияларды жүзеге асырады және тәуекелдерді басқарудың қабылданған саясаты шеңберінде жұмыс істейді;

қорғаудың екінші желісін тәуекелдерді басқару, комплаенс-юақылау бойынша тәуелсіз бөлімшелер және бақылау функцияларын (қауіпсіздік, қаржылық бақылау, кадрмен қамтамасыз ету, заң тәуекелін, операциялық тәуекелді басқару функцияларын жүзеге асыратын бөлімшенің құзыреті шеңберінде) жүзеге асыратын басқа бөлімшелер қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару бөлімшесі (бөлімшелері) банктің қызметіндегі тәуекелдерге кешенді талдау жүргізеді, банктің директорлар кеңесіне және тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитетке қажетті есептерді қалыптастырады, басқарма мүшелерінің және бизнес бөлімшелердің тәуекелдерді өлшемді түрде бағалауға және анықтауға ықпал етеді.



Комплаенс-бақылау бөлімшесі банктің қызметіне ықпал ететін Қазақстан Республикасының азаматтық, салық, банктік заңнамасының, Қазақстан Республикасының мемлекеттік реттеу туралы, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамтамасыз ету туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарын, шетел мемлекеттері заңнамасының талаптарын, сондай-ақ банктің қаржы нарығында қызмет көрсету және операциялар жүргізу тәртібін регламенттейтін банктің ішкі құжаттарын сақтау рәсімдерін ұйымдастырады және директорлар кеңесіне комплаенс-тәуекелдердің бар екендігі туралы толық және шынайы ақпарат ұсынады;

қорғаудың үшінші желісі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің, қорғаудың бірінші және екінші желілерінің сапасы мен тиімділігін бағалауға жауапты тәуелсіз ішкі аудит бөлімшесі қамтамасыз етеді;

15) банк басқармасының (филиалы Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің тиісті атқарушы органының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының басшы қызметкерлерінің) қызметіне бақылауды мыналар арқылы жүзеге асыру:

банк басқармасының (филиалы Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің тиісті атқарушы органының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының басшы қызметкерлерінің) директорлар кеңесі бекіткен стратегиялар мен саясатты, акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін іске асыруды мониторингтеу;

Қағидаларға сәйкес банк басқармасының (филиалы Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің тиісті атқарушы органының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының басшы қызметкерлерінің) қызметін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

ішкі бақылау жүйесін енгізуді қамтамасыз ету;

банк басқармасының (филиалы Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің тиісті атқарушы органының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының басшы қызметкерлерінің) мүшелерімен жүйелі кездесу жүргізу;

басқарма (филиалы Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің тиісті атқарушы органы, Қазақстан

Республикасының бейрезидент-банкі филиалының басшы қызметкерлері) ұсынған мәліметтерге талдау және өлшемді бағалау жүргізу;

нәтижеліліктің қажетті стандарттарын және басқарма мүшелерінің (филиалы Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің тиісті атқарушы органының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының басшы қызметкерлерінің) банктің стратегиясы айқындаған және қаржылық орнықтылыққа бағытталған ұзақ мерзімді мақсаттарға сәйкес келетін еңбекақы төлеу жүйелерін белгілеу;

16) тәуекел-менеджмент басшысының (филиалы Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің тәуекел-менеджмент басшысының) жұмысындағы өзара іс-әрекет және бақылау;

17) банктің директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің қызметін мерзімді түрде ( жылына бір реттен кем емес) бағалау;

18) қабылданған шешімдердің жазбаларын (отырыстардың хаттамалары, қаралаған мәселелер туралы қысқаша ақпарат, ұсынымдар, бар болса, сондай-ақ банктің директорлар кеңесі мүшелерінің ерекше пікірлері) жүргізуді қамтамасыз ету. Мұндай құжаттар және (немесе) материалдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік реттеу туралы, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау туралы заңнамасына сәйкес талап ету бойынша уәкілетті органға беріледі;

19) тәуекелдерді басқару мақсаты үшін толық, шынайы, уақытылы ақпаратты жинау және талдау мақсатында ақпараттық технологиялардың дамыған инфрақұрылымын қамтамасыз ету. Тәуекел дәрежесінің деңгейлерін айқындау бойынша ақпараттық технологиялардың инфрақұрылымында шектеулердің бар екендігі туралы хабарлау;

20) банктік қарыз берудің мақсатқа сай екендігін талдау және бағалау негізінде мөлшері банктің меншікті капиталынан 5 (бес) пайыз асатын қарыз беру бойынша шешімдер қабылдау;

21) банктік қарыз берудің мақсатқа сай екендігін талдау және бағалау негізінде мөлшері 20 000 000 (жиырма миллион) теңгеден асатын кепілсіз тұтынушылық қарызын беру бойынша шешімдер қабылдау. Бұл тармаққа ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру кезінде кепілсіз тұтынушылық қарыз беру туралы жағдайлар жатпайды.";

33 және 34-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Банк басқармасы таңдалған бизнес-модельге, қызмет ауқымына, операциялардың түрлері мен күрделілігіне, тәуекел-бейінге және банктің директорлар кеңесі бекіткен ішкі құжаттарға сәйкес банктің ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады. Банк басқармасы мыналарға жауапты:

1) банк стратегиясының орындалуын қамтамасыз ету, банктің директорлар кеңесі бекіткен рәсімдерді, процестер мен саясаттарды сақтау;

2) кейіннен банктің директорлар кеңесінің бекітуіне шығару үшін банк стратегиясының жобасын әзірлеу, сондай-ақ стратегияның орындалуын мониторингтеуді жүзеге асыру және банк стратегиясының ағымдағы нарықтық және экономикалық ахуалын, тәуекелдер бейіні мен қаржылық әлеуетке, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық, салық, банктік заңнамасының, Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамсыздандыру туралы, бағалы қағаздар рыногы туралы, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарына сәйкестігін бағалау;

3) кейіннен банктің директорлар кеңесінің бекітуіне шығару үшін тиісті жылға арналған банк бюджетінің жобасын әзірлеу;

4) кейіннен банктің директорлар кеңесінің бекітуіне шығару үшін банктің рентабельділігін басқару саясатының жобасын әзірлеу, сондай-ақ банктің және оның қызметкерлерінің аталған саясатты сақтауын мониторингтеуді жүзеге асыру;

5) бекітілген және (немесе) оларға бекітілген қызмет учаскелері бойынша банк қызметкерлеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде банктің стратегиясын, саясаттарын және өзге де ішкі құжаттарын жеткізуді айқындайтын ішкі тәртіпті әзірлеу және банк пен оның қызметкерлерінің осы Қағидалардың талаптарын сақтауын мониторингтеуді жүзеге асыру;

6) кейіннен банктің директорлар кеңесінің бекітуі үшін банктің кадр саясатын әзірлеу, сондай-ақ оның банктің стратегиясына, ұйымдық құрылымына, тәуекел бейініне, қол жеткізілген нәтижелерге және Қазақстан Республикасының еңбек, банктік заңнамасының, Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарына сәйкестігін мониторингтеуді жүзеге асыру. Кадр саясаты банк қызметіне құзыретті басшы қызметкерлерді тартуды қамтамасыз ететін стандарттарды, шарттар мен тетіктерді белгілейді және мыналарды:

банк қызметіне байланысты үдерістер мен тәуекелдерді басқаруға қабілетті қажетті тәжірибесі, біліктілігі және мінсіз іскерлік беделі бар қызметкердің болуын;

функциялар мен міндеттерді тиімді жүзеге асыру үшін ресурстардың жеткілікті санын қолдауды;

өз міндеттерін орындау барысында мүдделер қақтығысын азайтуды;

бір қызметкерге өкілеттікті шоғырландыру тәуекелін азайтуды;

сыйақыларды, сондай-ақ материалдық тұрғыдан ынталандырулардың өзге түрлерін төлеу тәртібін қоса алғанда, қызметкерлерге еңбекақы төлеу ішкі тәртібін;

банк қызметкерлері жұмысының тиімділігіне бағалау жүргізуді қамтамасыз етеді;

7) кейіннен директорлар кеңесінің бекітуіне шығару үшін тарифтік саясатты әзірлеу, сондай-ақ банк пен оның қызметкерлерінің тарифтік саясатты сақтауын мониторингтеуді жүзеге асыру;

8) бұдан былай тәуекелдерді басқару жөніндегі комитеттің қарауына және банктің директорлар кеңесінің бекітуіне шығару үшін банктің кредиттік саясатын әзірлеу;

9) қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету және (немесе) оны қалпына келтіру бойынша жоспарды (жоспарларды) бекіту;

10) банктің директорлар кеңесіне банктің ішкі құжаттарында және Қағидаларда белгіленген басқарманың жұмыс сапасын бақылау және бағалау үшін қажетті ақпаратты ұсыну, оған мыналар:

банктің банк стратегиясында белгіленген мақсаттарға банк басқармасының қол жеткізуі, оларға қол жеткізу үшін кедергі келтіретін себептер бар болса, көрсетумен;

банк қызметінің банктің директорлар кеңесі бекіткен стратегиялар мен саясатқа сәйкес келуі;

банк қызметінің нәтижелері және оның қаржылық жай-күйі, оның ішінде банк кірістілігінің орнықтылығы (құбылмалығы);

банк қабылдайтын шешімдердің банктің директорлар кеңесі бекіткен рәсімдерге, процестерге және саясатқа сәйкес келмеуі;

тәуекел дәрежесінің бекітілген деңгейлерден асып түсуі және оларды бұзу себептері ;

комплаенс-бақылау, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, ішкі аудит жөніндегі бөлімшелер және сыртқы аудит пен уәкілетті орган анықтаған бұзушылықтар мен кемшіліктердің дер кезінде, толық және сапалы жойылуы туралы, сондай-ақ олардың ұсынымдарының орындалуы туралы ақпарат;

қате, толық емес немесе рұқсатсыз орындалған операцияларды, активтердің сақталуын қамтамасыз ету бойынша қызметтегі кемшіліктерді, қаржылық және реттеушілік есептілікті қалыптастыру кезіндегі қателерді дер кезінде анықтау, банктің ішкі құжаттарының, Қазақстан Республикасының азаматтық, салық, банктік заңнамасы, Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы заңнамасы, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамсыздандыру туралы, бағалы қағаздар рыногы туралы, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы

заңнамасы талаптарының бұзушылықтары, сондай-ақ мүдделер қақтығысын және ішкі асыра пайдалану мен алаяқтықты, оның ішінде банкпен ерекше қарым-қатынастағы адамдарға қатысты жою бөлігінде ішкі бақылаудың жай-күйі туралы ақпарат;

11) банк қызметтерін ұсыну процесінде пайда болатын клиенттердің өтініштерін қарау ішкі тәртібін әзірлеу, сондай-ақ банктің осы тармақта көрсетілген талаптарды сақтауының мониторингін жүзеге асыру үшін жауапты болады. Клиенттердің өтініштерін қараудың ішкі тәртібі Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының банктік заңнамасының талаптарын ескереді және мыналарды:

банкке келіп түсетін өтініштерді қабылдау, бастапқы өңдеу, тіркеуді және клиенттердің өтініштеріне жауаптарды қоса алғанда, клиенттердің арыздары (өтініштері) бойынша іс қағаздарын жүргізу рәсімін;

клиенттердің өтініштері бойынша іс қағаздарын жүргізуге жауапты банктің құрылымдық бөлімшесін;

келіп түскен өтініштерді клиенттің өтінішіне жауаптарды өңдеу және жауап дайындау тапсырылатын жауапты құрылымдық бөлімшелерге немесе қызметкерлерге жеткізу (беру) рәсімін;

клиенттердің өтініштерін уақытылы өңдеу мерзімдерін және клиенттердің өтініштеріне жауаптар дайындау мерзімдерін;

клиенттердің өтініштерін қарау және клиенттердің өтініштеріне жауаптар дайындау кезінде банктің құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-әрекеттесудің ішкі тәртібін;

банк клиенттерінің келіп түскен өтініштерінің сыныптауышын жүргізудің ішкі тәртібі және рәсімдері;

12) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қаржы құралдары және қаржы активтері болып табылмайтын және кімге болмасын талап ету құқығы жоқ криптография және (немесе) компьютерлік есептеулер құралдарын қолданумен орталықтандырылмаған ақпараттық жүйеде құрылатын және ескерілетін шаралармен операцияларды қоса алғанда, тәуекелі жоғары операциялар өткізуден бас тарту рәсімін және (немесе) ішкі тәртібін әзірлеуді айқындайды, сондай-ақ клиентпен іскерлік қарым қатынасты бұзу орын алатын тәуекел факторлары ескеріліп әзірленеді.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің тиісті атқарушы органы мыналарға жауапты:

1) кейіннен Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің тиісті басқару органының бекітуіне шығару үшін Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының стратегиясының жобасын әзірлеу,

2) кейіннен Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің тиісті басқару органының бекітуіне шығару үшін тиісті жылға арналған Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының бюджетінің жобасын әзірлеу;

3) кейіннен Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің тиісті басқару органының бекітуіне шығару үшін Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының рентабельділігін басқару саясатының жобасын әзірлеу;

4) бекітілген және (немесе) оларға бекітілген қызмет учаскелері бойынша Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалы қызметкерлеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің стратегиясын, саясаттарын және өзге де ішкі құжаттарын жеткізуді айқындайтын ішкі тәртіпті әзірлеу;

5) кейіннен Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің тиісті басқару органының бекітуі үшін Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының кадр саясатын әзірлеу. Кадр саясаты банк қызметіне құзыретті басшы қызметкерлерді тартуды қамтамасыз ететін стандарттарды, шарттар мен тетіктерді белгілейді және мыналарды:

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының қызметіне байланысты үдерістер мен тәуекелдерді басқаруға қабілетті қажетті тәжірибесі, біліктілігі және мінсіз іскерлік беделі бар қызметкердің болуын;

функциялар мен міндеттерді тиімді жүзеге асыру үшін ресурстардың жеткілікті санын қолдауды;

өз міндеттерін орындау барысында мүдделер қақтығысын азайтуды;

бір қызметкерге өкілеттікті шоғырландыру тәуекелін азайтуды;

сыйақыларды, сондай-ақ материалдық тұрғыдан ынталандырулардың өзге түрлерін төлеу ішкі тәртібін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің ішкі тәртібін;

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының қызметкерлері жұмысының тиімділігіне бағалау жүргізуді қамтамасыз етеді;

6) кейіннен Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің тиісті басқару органының бекітуіне шығару үшін тарифтік саясатты әзірлеу;

7) бұдан былай тәуекелдерді басқару жөніндегі комитеттің қарауына және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің тиісті басқару органының бекітуіне шығару үшін Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының кредиттік саясатын әзірлеу;

8) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалы қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету және (немесе) оны қалпына келтіру бойынша жоспарды (жоспарларды) бекіту;

9) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалы қызметтерін ұсыну процесінде пайда болатын клиенттердің өтініштерін қараудың ішкі тәртібін әзірлеу. Клиенттердің өтініштерін қараудың ішкі тәртібі Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының банктік заңнамасының талаптарын ескереді және мыналарды:

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалына келiп түсетiн өтiнiштердi қабылдау, бастапқы өңдеу, тiркеудi және клиенттердiң өтiнiштерiне жауаптарды қоса алғанда, клиенттердiң арыздары (өтiнiштерi) бойынша iс қағаздарын жүргiзу рәсiмiн;

клиенттердiң өтiнiштерi бойынша iс қағаздарын жүргiзуге жауапты Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының құрылымдық бөлiмшесiн;

келiп түскен өтiнiштердi клиенттiң өтiнiшiне жауаптарды өңдеу және жауап дайындау тапсырылатын жауапты құрылымдық бөлiмшелерге немесе қызметкерлерге жеткiзу (беру) рәсiмiн;

клиенттердiң өтiнiштерiн уақытында өңдеу мерзiмдерiн және клиенттердiң өтiнiштерiне жауаптар дайындау мерзiмдерiн;

клиенттердiң өтiнiштерiн қарау және клиенттердiң өтiнiштерiне жауаптар дайындау кезiнде Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының құрылымдық бөлiмшелерiнiң өзараәрекеттесу iшкi тәртiбiн;

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалы клиенттерiнiң келiп түскен өтiнiштерiнiң сыныптауышын жүргiзу iшкi тәртiбi және рәсiмдерi;

10) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қаржы құралдары немесе қаржы активтерi болып табылмайтын және кiмге болмасын талап ету құқығы жоқ криптография және (немесе) компьютерлiк есептеулер құралдарын қолданумен орталықтандырылмаған ақпараттық жүйеде құрылатын және ескерiлетiн шаралармен операцияларды қоса алғанда, тәуекелi жоғары операциялар өткiзуден бас тарту рәсiмiн және (немесе) iшкi тәртiбiн әзiрлеудi айқындайды, сондай-ақ клиентпен iскерлiк қарым қатынасты бұзу орын алатын тәуекел факторлары ескерiлiп әзiрленедi.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының басшы қызметкерлерi таңдалған бизнес-модельге, қызмет ауқымына, операциялардың түрлерi мен күрделiлiгiне, тәуекел-бейiнiне және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң тиiстi басқару органы бекiткен iшкi құжаттарға сәйкес Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының ағымдағы қызметiне басшылықты жүзеге асырады және мыналарға жауапты:

1) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалы стратегиясының орындалуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi бекiткен рәсiмдердi, процестер мен саясаттарды сақтау;

2) стратегияның орындалу мониторингiн жүзеге асыру және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалы стратегиясының ағымдағы нарықтық және экономикалық ахуалын, тәуекелдер бейiнi мен қаржылық әлеуетке, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық, салық, банктiк заңнамасының, Қазақстан Республикасының мемлекеттiк реттеу туралы, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, төлемдер және төлем жүйелерi

туралы, зейнетақымен қамсыздандыру туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарына сәйкестігін бағалау;

3) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының рентабельділігін басқару саясатын сақтау мониторингін жүзеге асыру;

4) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалы кадр саясатының Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалы стратегиясына, ұйымдық құрылымына, тәуекел бейініне, қол жеткізілген нәтижелерге және Қазақстан Республикасының еңбек, банктік заңнама талаптарына сәйкестігіне мониторингті жүзеге асыру;

5) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалы мен оның қызметкерлерінің тарифтік саясатты сақтау мониторингін жүзеге асыру;

6) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнің тиісті басқару органына Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнің ішкі құжаттарында және Қағидаларда белгіленген Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының басшы қызметкерлерінің жұмыс сапасын бақылау және бағалау үшін қажетті ақпаратты ұсыну, оған мыналар:

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының басшы қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалы стратегиясында белгіленген мақсаттарға қол жеткізуі, оларға қол жеткізу үшін кедергі келтіретін себептер бар болса, көрсетумен;

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалы қызметінің Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнің тиісті басқару органы бекіткен стратегиялар мен саясатқа сәйкес келуі;

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалы қызметінің нәтижелері және оның қаржылық жай-күйі, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалы кірістілігінің тұрақтылығы (құбылмалығы);

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалы қабылдайтын шешімдердің Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнің тиісті басқару органы бекіткен рәсімдерге, процестерге және саясатқа сәйкес келмеуі;

тәуекел дәрежесінің бекітілген деңгейлерден асып түсуі және оларды бұзу себептері ;

комплаенс-бақылау, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, ішкі аудит бойынша бөлімшелер және сыртқы аудит пен уәкілетті орган анықтаған бұзушылықтар мен кемшіліктерді Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының басшы



қызметкерлерінің дер кезінде, толық және сапалы жоюы туралы, сондай-ақ олардың ұсынымдарының орындалуы туралы ақпарат;

қате, толық емес және рұқсатсыз орындалған операцияларды дер кезінде анықтау, активтердің сақталуын қамтамасыз ету бойынша қызметтегі кемшіліктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының бухгалтерлік есебінің деректері бойынша есептілікті және реттеушілік есептілікті қалыптастыру кезіндегі қателер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының ішкі құжаттарындағы, Қазақстан Республикасының азаматтық, салық, банктік заңнамасының, Қазақстан Республикасының мемлекеттік реттеу туралы, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамсыздандыру туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалымен ерекше қарым-қатынастағы адамдарға қатысты бөлігінде ішкі бақылаудың жай-күйі туралы ақпарат;

7) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының банктік қызметтерді ұсыну процесінде пайда болатын клиенттердің өтініштерін қараудың ішкі тәртібі талаптарын сақтауының мониторингін жүзеге асыру үшін жауапты болады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнің тиісті атқарушы органы Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнің және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының бекітілген ұйымдық құрылымы шеңберінде алқалы органдарға немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi қызметкерлеріне, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының қызмекерлеріне берілген міндеттерді тиісінше орындауға жауапты.

Банктің басқармасы банктің бекітілген ұйымдық құрымы шеңберінде банктің алқалы органдарына немесе қызметкерлеріне берілген міндеттерді тиісінше орындауға жауапты.

34. Банктің директорлар кеңесі директорлар кеңесімен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын жеткілікті өкілеттіктерге, тәуелсіздікке және ресурстарға ие тәуекел-менеджменті басшысы жетекшілік ететін және (немесе) басқаратын тәуекелдерді басқару бөлімшесінің (бөлімшелерінің) болын қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару бөлімшесі (бөлімшелері) мынадай, бірақ олармен шектелмей, келесі функцияларды орындайды:

1) тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдерін, тәуекел дәрежесінің стратегиясын және тәуекел дәрежесі деңгейлерін анықтауды қоса алғанда, тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеу;

2) банк қызметіне тән маңызды ағымдағы және әлеуетті тәуекелдерді анықтау;

3) тәуекелдерді бағалау және тәуекел дәрежесінің (дәрежелерінің) агрегирленген деңгейін анықтау;

4) кейін тәуекелдерді басқару жөніндегі комитеттің қарауына және банктің директорлар кеңесінің бекітуіне шығару үшін тәуекел дәрежесінің деңгейлерін, тәуекел дәрежесінің деңгейлерінің сақталу мониторингін әзірлеу;

5) тәуекел дәрежесі деңгейлерінің бұзушылықтарын анықтауға бағытталған ерте ескеру жүйелерін және триггерлерді әзірлеу;

б) басқармаға, тәуекелдерді басқару комитетіне және банктің директорлар кеңесіне басқарушылық есептілік ұсыну.

Тәуекел дәрежесінің деңгейлерін әзірлеу және кейін тәуекелдерді басқару жөніндегі комитеттің қарауына, банктің директорлар кеңесінің бекітуіне шығару бөлігіндегі 1) тармақшаның, 4) тармақшаның, сондай-ақ осы тармақтың 5) тармақшасының ережелері Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалына қолданылмайды.";

89 және 90-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"89. Комплаенс-бақылау бөлімшесі комплаенс-тәуекелді басқару саясатын әзірлеуге, комплаенс-тәуекелді басқаруды қамтамасыз етуге және банктің комплаенс-тәуекелді басқару жөніндегі қызметін үйлестіруге жауапты болып табылады. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының комплаенс-тәуекелді басқару саясатын Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнің комплаенс-бақылау бөлімшесі әзірлейді.

Комплаенс-бақылау бөлімшесі банктің бірінші қорғау қатарын құрайтын құрылымдық бөлімшелерінің қандай да бір қызметінен тәуелсіз банктің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Комплаенс-бақылау бөлімшесінің тәуелсіз болуы мынадай факторлармен қамтамасыз етіледі:

комплаенс-бақылау бөлімшесінің дербес құрылымдық бөлімше мәртебесі бар;

комплаенс-бақылау бөлімшесінің қызметкерлері банктің өзге құрылымдық бөлімшелеріндегі лауазымдарды қоса атқармайды;

комплаенс-бақылау бөлімшесінің басшысы мен қызметкерлері олардың комплаенс-тәуекелді басқару міндеттері мен оларға жүктелген кез келген басқа міндеттер арасында мүдделер қақтығысы ықтимал болатын жағдайға ұшырамайды;

комплаенс-бақылау бөлімшесінің қызметкерлерінде өз құзыретінің шеңберінде рұқсаты бар және қажет болғанда банктің құрылымдық бөлімшелерінен, банктің

еншілес ұйымдарынан кез келген ақпаратты талап етеді, сондай-ақ банктің және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлерін комплаенс-бақылау функцияларын орындауға жәрдем көрсетуге тартады.

90. Комплаенс-бақылау бөлімшесі мынадай функцияларды жүзеге асырады, бірақ олармен шектелмейді:

1) шоғырландырылған негізде банктің комплаенс-тәуекелін анықтау, өлшеу, мониторингтеу және бақылау ішкі тәртібін, тәсілдері мен рәсімдерін әзірлеу;

2) КЖ/ТҚ қарсы іс қимыл мақсаты үшін ішкі бақылау қағидаларын әзірлеу, ендіру және оның болуын қамтамасыз ету;

3) комплаенс-бағдарламаны (жоспарды) қалыптастыру, ол мыналарды қамтиды:

банк бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының азаматтық, салық, банктік заңнамасының, Қазақстан Республикасының мемлекеттік реттеу туралы, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамсыздандыру туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып комплаенс-тәуекелді басқару саясатын сақтауын тексеру;

банктің Қазақстан Республикасының азаматтық, салық, банктік заңнамасының, Қазақстан Республикасының мемлекеттік реттеу туралы, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамтамасыз ету туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының, банктің қызмет көрсету және қаржы нарығында операциялар жүргізу мәселелерін реттейтін заңнамасының талаптарын, сондай-ақ банктің комплаенс-тәуекелге ұшырау дәрежесін айқындау мақсатында банктің қызметіне әсерін тигізетін шет мемлекеттердің заңнамасын сақтауын тексеру;

қызметкерді комплаенс-тәуекелді басқару мәселелері бойынша оқыту;

4) банктің басқармасына банктің комплаенс-тәуекелін басқаруға ықпал көрсету;

5) осындай функцияны банктің заң бөлімшесі орындайтын жағдайларды қоспағанда, банктің басшылығы мен қызметкерлеріне өзгерістер туралы хабардар етуді қоса алғанда, комплаенс-тәуекелді басқаруға қатысы бар Қазақстан Республикасының

азаматтық, салық, банктік заңнамасының, Қазақстан Республикасының мемлекеттік реттеу туралы, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, зейнетақымен қамтамасыз ету туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарының нормалары, қағидалар, саясат туралы консультация беру;

6) банкте банктің қызметкерлерін банктің қызмет көрсету және қаржы нарығында операциялар жүргізу тәртібін реттейтін банктің ішкі құжаттарының талаптарымен таныстыру жұмысын ұйымдастыруды бақылау;

7) комплаенс-тәуекелді, оның ішінде КЖ/ТҚ тәуекелін басқару мәселелері бойынша банктің еншілес ұйымдарының қызметін үйлестіру;

8) жаңа банктік өнімдер мен қызметтерді ендіру барысына міндетті түрде қатысу;

9) банкте мүдделер қақтығысын анықтау, бағалау мен бақылау іс-шараларын ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

10) банктің жұмысында комплаенс-тәуекелді басқаруға байланысты анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша ұсынымдарды дербес немесе банктің құрылымдық бөлімшелерімен және лауазымды тұлғаларымен бірлесе отырып әзірлеу және тиісті ақпаратты банктің директорлар кеңесіне ұсыну;

11) комплаенс-тәуекел бойынша есептілік жүйесін әзірлеу және жүргізу және тұрақты негізде банктің директорлар кеңесіне комплаенс-тәуекелді басқару мәселелері бойынша ақпаратты ұсыну;

12) банктің құрылымдық бөлімшелерімен, оның ішінде ішкі аудит бөлімшесімен өзара әрекет ету және комплаенс-тәуекелді басқару жұмысын үйлестіру ішкі тәртібін әзірлеу.

Банктің ішкі құжаттарына сәйкес комплаенс-тәуекелді басқарудың жекелеген функциялары қажет болғанда мүдделер қақтығысының болмау талабымен банктің өзге құрылымдық бөлімшелеріне беріледі.

Осы тармақтың 1), 2) және 8) тармақшаларының ережелеріне Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалына қолданылмайды."

11. "Уәжді пайымдауды қалыптастыру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 12 қарашадағы № 189 қаулысына (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19643 болып тіркелген, 2019 жылғы 28 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияданған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Уәжді пайымдауды қалыптастыру және пайдалану қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Уәкілетті орган уәжді пайымдауды Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының Заңның 13-5-бабының 1-тармағында көрсетілген тұлғаларға қатысты, қаржы ұйымдары депозиторларының, кредиторларының, сақтанушыларының, клиенттерінің, инвесторларының және корреспонденттерінің заңды мүдделерін қорғау, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының Заңның 13-5-бабының 1-тармағында көрсетілген қаржы ұйымдарының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету, қаржылық жағдайының нашарлауына және олардың қызметіне байланысты тәуекелдердің ұлғаюына жол бермеу мақсатында, сондай-ақ ерте араласу және уақтылы қадағалау әрекеттерін қабылдау мақсатында қалыптастырады және пайдаланады.

Осы Қағидалардың ережелерін қолдану кезінде:

Заңның 13-5-бабының 1-тармағында көрсетілген тұлғалар деп Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары түсініледі.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының меншікті капиталы деп Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22213 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2021 жылғы 12 ақпандағы № 23 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) резерв ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру тәртібін және олардың ең төмен мөлшерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) үшін пруденциалдық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесіне сәйкес есептелген резерв ретінде қабылданатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының активтері түсініледі.

Уәжді пайымдауды пайдалану кезінде Заңның 13-5-бабы 3-тармағының екінші бөлігінде көзделген қағидаттар сақталады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Іскерлік беделді бағалау бойынша уәжді пайымдау алқалы органның:

1) банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының, банк холдингінің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, сақтандыру (қайта) сақтандыру ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, сақтандыру холдингінің, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына (трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда) басшы қызметкер лауазымымен айналысуға кандидатта;

2) банк, банк холдингі, сақтандыру (қайта) сақтандыру ұйымы, сақтандыру холдингі құратын, иеленетін еншілес ұйымның басшы қызметкерінде (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылған кандидатта);

3) банк, банк холдингі, сақтандыру (қайта) сақтандыру ұйымы, сақтандыру холдингі капиталына қомақты қатысуды иеленетін ұйымның басшы қызметкерінде (немесе басшы қызметкер лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылған кандидатта);

4) банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленетін өтініш берушіде (жеке тұлға үшін) не өтініш берушінің басшы қызметкерінде (заңды тұлға үшін) мінсіз іскерлік беделдің болуы не болмауы туралы негізделген кәсіби пікірі болып табылады.

19, 20, 21, 22, 23, 24 және 25-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Қағидалардың 16 және 18-тармақтарында белгіленген ережелер Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарына, банк холдингтеріне (банк холдингі немесе банк холдингінің белгілері бар тұлға болып табылатын және Банктер туралы заңның 40-бабы 9-тармағының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының бейрезиденттерін қоспағанда) және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қолданылады.

20. Қағидалардың 17 және 18-тармақтарында белгіленген талаптар, сақтандыру холдингі, сақтандыру холдингінің белгілері бар тұлға болып табылатын және Сақтандыру қызметі туралы заңның 15-1-бабы 6-тармағының 1) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының бейрезиденттерін және банк конгломераттарының құрамына кіретін банк холдингтары болып табылатын

сақтандыру холдингтарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарына, сақтандыру холдингтеріне қолданылады.

21. Банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға жеңiлдiк талаптарын беру фактiсiн белгiлеу туралы, сондай-ақ банк, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жасаған мәмiлелердi жеңiлдiк талаптары бар мәмiлелерге жатқызу туралы уәждi пайымдау мәмiле мөлшерi банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы экономикалық талдауға жатпайтын мәмiлелердiң осындай түрi үшiн белгiлеген iшкi лимиттен асып кеткен жағдайда алқалы органның ерекше қатынастар арқылы тұлғаларға банктiң, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жеңiлдiк талаптарын берудi көрсететiн белгiлерiнiң болуы туралы негiзделген кәсiби пiкiрi болып табылады.

22. Банктегi тәуекелдердi басқару және iшкi бақылау жүйесiнiң сапасын бағалау бойынша уәждi пайымдау банктегi тәуекелдердi басқару және iшкi бақылау жүйесiнiң сапасы туралы алқалы органның негiздi кәсiби пiкiрi болып табылады және:

1) таңдап алынған бизнес-модель мен даму стратегиясының сәйкестiгiне қатысты банктiң тәуекел профилi мен тәуекел дәрежесi (тәуекелдiң рұқсат етiлген мөлшерiнiң);

2) банк бюджетiнiң банктiң стратегиясында, бизнес моделiнде айқындалған экономикалық мақсаттарға және банк қабылдаған тәуекелдерге сәйкестiгiне қатысты стратегиялық және бюджеттiк жоспарлауды;

3) банктiң негiзгi қаржы көрсеткiштерiн:

бюджеттi қалыптастыру кезiнде пайдаланылатын жорамалдардың (активтердiң, мiндеттемелердiң, капиталдың (пайда мен зиянның) жоспарлы көлемiн арттыру немесе төмендету) барабарлығына;

бюджеттiң нақты көрсеткiштерге сәйкестiгiн талдаудың болуына қатысты болжау сапасын;

4) банктiң тәуекел-тәбетi дәрежесiнiң бiрiктiрiлген деңгейiн (деңгейлерiн) және тәуекелдiң әр түрi бойынша тәуекел-тәбетi дәрежесiнiң деңгейiн:

тәуекел-тәбетi дәрежесiнiң белгiленген деңгейiн (деңгейлерiн) өтеу үшiн меншiктi капитал мен өтiмдiлiктiң қажеттi деңгейiнiң болуына;

лимиттердiң көп деңгейлi жүйесi шеңберiнде тәуекелдердiң әр түрiне сандық және сапа лимиттердiң шектi мәнiнiң барабарлығына қатысты айқындау әдiстемесiн;

5) банктiң корпоративтiк басқару жүйесiнiң:

корпоративтiк басқарудағы мүдделер қақтығысын реттеу бойынша шаралардың болуына және сақталуына;

тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын банктің бөлімшелері дайындаған олар туралы жазбаша ақпарат бар, айтарлықтай тәуекелдер болған кезде мәмілелер жасау немесе операциялар жүргізу туралы шешімдер қабылдау фактілерінің болуына қатысты сапасын бағалау үшін пайдаланылады. Осы абзацтың ережелері мөлшері:

меншікті капиталының мөлшері қоса алғанда 100 000 000 000 (бір жүз миллиард) теңгеге дейінгі банктер үшін - шешім қабылданған күнгі банктің меншікті капиталынан 1 (бір) пайыздан асатын;

меншікті капиталының мөлшері 100 000 000 000 (бір жүз миллиард) теңгеден асатын банктер үшін - шешім қабылданған күнгі банктің меншікті капиталынан 2 (екі) пайыздан асатын мәмілеге немесе мәмілелер жиынтығына қолданылады;

б) банктің қызметіне тән тәуекелдерді өтеу үшін:

тәуекелдерді бағалау сапасына;

меншікті капиталдың жеткіліктілігін бағалауда стресс-тестілеу нәтижелерінің болуына;

меншікті капиталдың жеткіліктілігін айқындау процесінде тиісті тәуекел профильді қолдануға;

стрестік жағдайларда клиенттердің әлеуетті кетуін бағалау кезіндегі жорамалдардың барабарлығына және өтімді активтердің оларды өтеу мақсатында қажеті деңгейін бағалаудың барабарлығына қатысты меншікті капитал мен өтімділіктің жеткіліктілігін айқындаудың ішкі рәсімдерін;

7) банктің қызметіне тән ішкі саясаттарды, сол сияқты тәуекелдерді басқару жөніндегі рәсімдерді:

регламенттелген рәсімдерді сақтауға;

жасалатын мәмілелер бойынша ішкі саясатты сақтауға, оның ішінде ерекшеліктердің болуына, банк бекіткен рәсімдер мен саясаттарға сәйкес келмейтін мәмілелерді жасасу туралы директорлар кеңесін хабардар ете отырып, осындай ерекшеліктерді құжаттамалауға қатысты іске асыруды;

8) банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларды:

банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен мәмілелер үшін, оларға жеңілдік талаптарын беруге тыйым салуды қоса алғанда, тиісті шектеулердің болуына және сақталуына;

мәмілелерді жеңілдік талаптармен жасасуға және кредиттік тәуекелінің шоғырлануын ұлғайтуға жол бермеу мақсатында, қажетті ақпарат болған кезде банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларды анықтауға;

банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен мәмілелер туралы ақпаратты жария етуге қатысты айқындау бойынша рәсімдерді;

9) банк кепілге қабылдаған мүлікті:

кепілдің нарықтық құнын айқындау әдістемесінің дұрыстығына, даулы жағдайлар болған кезде тәуелсіз бағалауды қолдануды ескере отырып, банктік қарыз берген және



резервтерді (провизияларды) қалыптастырған кезде есепке алынатын нарықтық құнның дұрыстығына;

кепіл мәнін өндіріп алу бойынша мерзімдерді сақтауға;

кепіл шартының қолданыс мерзімінің қарыз алушының (қоса қарыз алушының, кепіл берушінің, кепілгердің) қаржылық жай-күйін ескере отырып берілетін қаржыландырудың құрылымына сәйкестігіне;

кепіл мәнін өндіріп алу құқығын іске асыру мүмкіндігіне қатысты талдау бойынша рәсімдерді;

10) банктің кредиттік тәуекелін:

кредиттеудің ішкі саясаттарының және рәсімдерінің болуына және сақталуына;

халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес құнсыздану белгілері бар активтерді анықтау бойынша, оның ішінде банктің директорлар кеңесіне көрсетілген активтер бойынша ақпаратты беру, оларды басқару бойынша шаралар қабылдау бойынша рәсімдердің болуына және сақталуына;

қарыз алушылардың бизнес-жоспарларын бағалау үшін пайдаланылатын жорамалдардың барабарлығына;

жеке банктік қарыздарға мониторингтің кезеңділігіне;

қаржылық жай-күйінің нашарлау белгілері бар қарыз алушыларға мониторинг жүргізудің жиілігі мен толықтығының жеткіліктілігіне;

кредитті басқару рәсімдерінің болуына және оны банктің сақтауына;

шетел валютасында банктік қарыз алған қарыз алушының қарыз валютасы бағамының өзгеруіне барабар ден қою мүмкіндігінің болуына қатысты басқарудың тиімділігін;

11) банктің қарыз алушыларын:

банктің қарыз алушыларын рейтингтік бағалаудың (скорингтің) пайдаланылатын модельдерінің барабарлығына;

олардың өзекті болуын қолдау мақсатында, оның ішінде берілетін үлестер, баллдар бойынша банктің қарыз алушыларын рейтингтік бағалаудың (скорингтің) пайдаланылатын модельдеріне өзгерістер енгізудің уақтылығына;

банктің қарыз алушыларын рейтингтік бағалау (скорингтің) модельдерін кезеңдік валидациялауды жүзеге асыруға қатысты ішкі рейтингтік бағалау (скорингтің) сапасын;

12) қалыптастырылған провизиялар (резервтер) мөлшерінің Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16502 болып тіркелген "Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 269 қаулысында белгіленген талаптарға сәйкестігін;

13) қаржы құралдарының әділ құнын олардың құнын барабар көрсетуге қатысты айқындау әдістемесін;

14) банктің қорландыру стратегиясының:

түрлері, валюталар, мерзімдері бойынша қорландыру көздерін әртараптандырудың жеткіліктілігі мен қажеттілігіне;

қорландырудың құрылымында жоғары шоғырландырудың болуына;

қорландырудың балама көздерінің болуына;

мерзімдері мен валюта бойынша активтер мен пассивтер арасындағы бақыланбайтын айтарлықтай айырмалардың болуына қатысты тиімділігін;

15) банктің өтімділігін:

көзделмеген әкетулерді ескере отырып өтімді құралдарға деген күнделікті қажеттілікті қоса алғанда, төлемдер бойынша міндеттемелерді уақтылы орындау үшін өтімді активтер деңгейінің жеткіліктілігіне;

өтімді активтер құрамына ағымдағы нарықтық жағдайда қысқа мерзімде іске асыру үшін қолжетімді құралдарды қосудың негізділігіне;

қорландырудың әкетілуін жоспарлаудың дұрыстығына қатысты басқару рәсімдерін;

16) банктің тәуекелдердің ішкі және (немесе) сыртқы индикаторларының өзгеруіне уақтылы ден қоюға бағытталған:

ертерек ескерту жүйесі көрсеткіштерінің, оның ішінде тәуекелдер деңгейінің ұлғаюына әлеуетті ықпал ететін банкке қолжетімді ақпаратты есепке алудың дұрыстығына;

ертерек ескерту жүйесі шеңберінде анықталған тәуекел артқан кезде банктің іс-әрекетінің барабарлығына;

ертерек ескерту жүйесінің белгіленген деңгейлерінен асқан кезде бекітілген іс-шаралардың уақтылығына және тиімділігіне қатысты ертерек ескерту жүйесі жұмысының тиімділігін;

17) банкті:

жоспарда банктің қызметіне тән тәуекелдерді іске асыру кезінде меншікті капиталдың өтімділігі мен жеткіліктілігін қалпына келтіру бойынша тиімді және негізді шаралар тізбесінің болуына;

стрестік сценарийлерді, алдын ала болжанбаған жағдайларды іске асырудың расталған ықтималдығына;

банк қызметін қалпына келтіру үшін қажетті ресурстарды, олардың барабарлығын айқындауға қатысты алдын ала болжанбаған жағдайларда қаржыландыру және қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарын;

18) банктің операциялық тәуекелін:

бизнестің негізгі бағыттары, көрсетілетін қызметтер, процестер және ақпараттық жүйелер бойынша операциялық тәуекелді бағалау рәсімдерінің болуына және сақталуына;

жаңа қаржылық қызметтерді және өнімдерді енгізу кезінде операциялық тәуекелді бағалау рәсімдерінің болуына және сақталуына;

операциялық тәуекелді тиімді анықтау мақсатында қажетті құралдардың және оны басқару жөніндегі шаралардың болуына;

операциялық тәуекелді іске асыру және оларды азайту жөніндегі шараларды іске асыру салдарынан болған ірі зиян фактілерін құжаттамалауға қатысты басқару рәсімдерінің тиімділігін;

19) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында банктің:

қаржы ұйымының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыру тәуекеліне ұшырағыштығына;

клиентті (оның өкілін) және меншік иесінің бенефициарын сәйкестендіру рәсімінің барабарлығына, клиент типі бойынша қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелін бағалау барабарлығына;

қаржы мониторингі жүргізілуі тиіс операцияларды анықтауға;

қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша бөлімшелердің өзара іс-қимылының тиімділігіне;

қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін барынша азайту үшін банктердің қабылдаған шараларының барабарлығы және жеткіліктілігіне;

ұсынылатын қызметтердің, сондай-ақ оларды ұсыну тәсілдерінің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекеліне ұшырағыштығына қатысты тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін;

20) банкте:

қолданылатын сценарийлердің толықтығы, дұрыстығы және негізділігіне;

сценарийлер шеңберіндегі сыртқы және ішкі көрсеткіштердің болжамды өзгеруінің өзектілігіне;

стресс-тестілеу жүргізу модельдері мен өткізу рәсімдерінің барабарлығына;

стресс-тестілеу нәтижелерін банктің тәуекелдерді басқару жүйесінде және басқарушылық шешімдер қабылдауда (қажет болғанда) қолдануына;

тәуекел-факторлардың өзгеруінің банктің активтері мен пассивтерінің құрылымымен өзара байланысы (ара қатыстылығы) болуына қатысты стресс-тестілеуді ;

21) банктің қызметіне тән тәуекелдер бойынша басқарушылық ақпарат жүйесінің банктің алқалы органы ұсынатын ақпаратының шынайылығы, толықтығы, уақтылығы,

сондай-ақ көрсетілген ақпаратта басқарушылық шешімдер қабылдау үшін тәуекелдердің толық көрсетілуіне қатысты сапасын;

22) үш қорғау желісінің:

екінші және үшінші қорғау желілері бөлімшелерінің тәуелсіздігі және қызметкерлердің біліктілік талаптарына сәйкестігіне;

үш қорғау желісі қатысушыларының арасында мүдделер қақтығысын реттеу бойынша шаралардың болуы және сақталуына және (немесе) оның қатысушыларының функционалдық міндеттерді қоса атқаруына қатысты жұмыс істеу тиімділігін;

23) ішкі бақылау рәсімдерінің:

банктің ішкі құжаттарының Қазақстан Республикасының банктік заңнама талаптарына сәйкес келуіне және (немесе) банктің ішкі құжаттарын Қазақстан Республикасының банктік заңнамасының талаптарына уақытында сәйкестендірмеуге;

банктің белгіленген ішкі рәсімдерін сақтамай жасалған мәмілелердің ауқымды көлемінің болуына қатысты сапасын бағалау;

24) банктің ішкі аудит бөлімшесінің:

ішкі аудит бөлімшесінің қызметті жоспарлау кезінде тәуекелге бағдарланған тәсілді қолдануына;

аудиторлық тексерулер нәтижелері бойынша тәуекелдері басқару рәсімдерінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсынымдарды ұсынуына;

ішкі аудит бөлімшесі берген ұсынымдардың орындалуы мониторингі рәсімінің болуына қатысты тәуекелдерді басқару рәсімдерінің тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізу кезіндегі қызметінің тиімділігін бағалау үшін қолданылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген ережелер Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалына қолданылады. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 3), 6), 16), 17) және 21) тармақшаларында көзделген ережелер банк конгломератына қолданылады.

23. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалында, бағалы қағаздардың кәсіби қатысушысында (трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің сапасын бағалау бойынша уәжді пайымдау сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалында бағалы қағаздардың кәсіби қатысушысында (трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің сапасы туралы алқалы органның негізделген кәсіби пікірі болып табылады және Қағидалардың 21-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 13), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21), 22), 23) және 24) тармақшаларында (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, бағалы қағаздардың кәсіби қатысушысы үшін) және 1), 2), 3), 6), 16), 17) және 21) тармақшаларында (сақтандыру тобы үшін) көзделген жағдайларда қолданылады.

24. Банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, бағалы қағаздардың кәсіби қатысушысының (трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда) провизияларының (резервтерінің) барабарлығын бағалау бойынша уәжді пайымдау банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, бағалы қағаздардың кәсіби қатысушысының (трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда) қалыптастырған провизияларының (резервтерінің) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына, провизияларды (резервтерді) қалыптастыру бойынша әдістемеге, оның ішінде оларды қалыптастыру бойынша әдістемелердің банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының бағалы қағаздардың кәсіби қатысушысының тәуекелдеріне сәйкестігі және оларды қалыптастыру үшін пайдаланылатын ақпараттың шынайылығы туралы алқалы органның негізделген кәсіби пікірі болып табылады.

25. Сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарий қалыптастырған сақтандыру резервтерінің (бұдан әрі - сақтандыру резервтері) барабарлығын бағалау бойынша уәжді пайымдау сақтандыру резервтерінің халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына, оның құрылымындағы сақтандыру резервтерін есептеу әдістемелеріне, оның ішінде оларды қалыптастыру бойынша әдістемелердің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының тәуекелдеріне сәйкестігі және оларды қалыптастыру үшін пайдаланылатын ақпараттың шынайылығы туралы алқалы органың негізделген кәсіби пікірі болып табылады.

Сақтандыру резервтерінің барабарлығын бағалау бойынша уәжді пайымдау мынадай (бірақ онымен шектелмей):

оның нәтижесінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 тіркелген, "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемесін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігін табыс ету қағидаларын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері

сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысымен (бұдан әрі - № 304 қаулы) және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 222331 болып тіркелген "Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының резерв ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру тәртібін және олардың ең төмен мөлшерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 17 ақпандағы № 32 қаулысымен (бұдан әрі - № 32 қаулы) бекітілген пруденциялық нормативтер және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттер көрсеткіштерінің жақсаруы болатын сақтандыру резервтерін есептеу кезінде қолданылатын сақтандыру резервтерін не өлшемшарттарын есептеу әдістемесінің негізсіз өзгерген.

жасалатын қайта сақтандыру шартының талаптарында қайта сақтанушы үшін экономикалық пайда (мақсатқа лайықтылық) болмаған кезде қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру резервтерінде қайта сақтанушының үлесі қалыптастырылған;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының төлем қабілеттілігінің төмендеуіне (немесе төмендеу ықтималдығы бар) және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының № 304 және № 32 қаулыларымен бекітілген пруденциялық нормативтер және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді бұзуына әкелген сақтандыру резервтерін есептеу кезінде толық емес және (немесе) жалған ақпарат қолданылған жағдайларда қолданылады."

Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-банктері  
филиалдарының,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-сақтандыру  
(қайта сақтандыру) ұйымдары  
филиалдарының және  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-сақтандыру  
брокерлері филиалдарының  
қызметін реттеу мәселелері

бойынша өзгерістер мен  
толықтырулар енгізілетін  
нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
1-қосымша  
Сақтандыру (қайта сақтандыру)  
ұйымдары,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-сақтандыру  
(қайта сақтандыру)  
ұйымдарының филиалдары үшін  
тәуекелдерді басқару және ішкі  
бақылау жүйесін қалыптастыру  
қағидаларына  
1-қосымша

## **Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ішкі құжаттарына қойылатын талаптар**

1. Ішкі құжатта қамтылатын ақпарат көлемі Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметін бағалау және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқару органының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы басшысының және басшы қызметкерлерді тиімді шешім қабылдауы үшін дәйекті және жеткілікті болуы тиіс.

2. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы туралы ережені әзірлейді, ол:

1) корпоративтік басқару қағидастарына сәйкес, сондай-ақ корпоративтік іс-қимылдың озық халықаралық тәжірибесін, кәсіби этика нормаларын, филиал қызметінің дамуының ағымдағы кезеңіндегі қажеттіліктері мен талаптары ескеріле отырып әзірленеді;

2) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын корпоративтік басқаруды ұйымдастырудың қағидастарын мыналарды ескере отырып регламенттейді:

филиалдың органдары және (немесе) құрылымдық бөлімшелер арасындағы міндеттерді нақты бөлу;

алқалы органдар мүшелерінің, басшы қызметкерлердің филиалдың қызметін және тәуекелдерді басқарудың тұрақты ішкі бақылауды жүзеге асыруға белсенді қатысуы;

Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқару органының, алқалы органдардың және басшы қызметкерлердің шешімдер қабылдаудағы тәуелсіздігі;

Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқару органының, алқалы органдардың және басшы қызметкерлердің шешімдерінен (негізінде шешім қабылданған құжаттарды қоса отырып) міндетті түрде хаттама жасайды;

басшы қызметкерлердің мүдделері мен филиалдың мүдделері арасында тікелей немесе жанама қайшылық туындауына әкелуі мүмкін іс-әрекеттерден тыйылу міндеттемесін, мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда бұл жөнінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқару органына уақтылы хабарлау міндеттемесін жазбаша ресімдеу;

басшы қызметкерлердің уәкілетті органның біліктілік талаптарына сәйкес келуі;

басшы қызметкерлердің бақылау және басқарушылық функцияларының сапасын үнемі жетілдіріп отыру;

кәсіби этиканың жалпыға бірдей нормалары;

3) мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі тәртіпті және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқару органының қалауына қарай басқа да мәселелерді регламенттейді.

3. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқару органы тәуекелдерді және ішкі бақылауды тиімді басқару мақсатында мынадай ішкі құжаттарды:

1) филиал туралы ережені;

2) филиалдың ұйымдық-функционалдық құрылымы туралы ережесін;

3) басшы қызметкерлерге еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақы есептеу, сондай-ақ материалдық көтермелеудің басқа да түрлері бойынша ішкі саясатты;

4) есеп саясатын;

5) басқарушылық есептілігін ұсынудың мерзімдері мен нысандары туралы ережені бекітеді.

4. Стратегияны Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқару органы әзірлейді және:

1) филиалдың қысқа мерзімді (бір жылға дейінгі), орта мерзімді (1 (бір) жылдан 3 (үш) жылға дейінгі) және ұзақ мерзімді (3 (үш) жылдан және одан ұзақ жылға) мақсаттарын айқындайды;

2) мыналарды қамтиды:

филиал қызметін дамытудың стратегиясы;

филиал қызметінің негізгі мақсаттары мен бағыттары;

филиал бағдарланған нарық сегменті;

филиал қызметінің қаржылық және өзге көрсеткіштерінің болжамдық мәні;

күтілетін макроэкономикалық және микроэкономикалық көрсеткіштер;

филиалдың қарауына қарай өзге де мәселелер.



5. Филиалдың ұйымдық-функционалды құрылымы туралы ережені Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқару органы әзірлейді және ол мыналарды қамтиды:

1) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқару органының, алқалы органдардың, басшы қызметкерлердің, ішкі аудит қызметінің, бөлімшелердің құрылымы, өкілеттіктері мен міндеттемелерін;

2) қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптарын;

3) өзара іс-әрекет ету және есеп беру тәртібі;

4) ішкі аудит қызметінің, тәуекелдерді басқару бөлімшесінің, андеррайтердің (андеррайтинг бөлімшесінің), актуарийдің қызметкерлеріне басқа бөлімшелердің функцияларын жүктеуге жол бермеу;

5) басшы қызметкерлер, құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлер қызметінің тиімділігін бағалау өлшемшарттары, оның ішінде оларға жүктелген функциялар мен міндеттерді орындамағаны (тиісінше, уақтылы орындамағаны) үшін шаралар қолдану тәртібі.

6. Басшы қызметкерлерге еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақы есептеу, сондай-ақ материалдық көтермелеудің басқа да түрлері жөніндегі ішкі саясатты Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқару органы әзірлейді және мыналарды регламенттейді:

1) басшы қызметкерлердің лауазымына үміткерлерді іріктеу қағидаттары, өлшемшарттары, сыйақы мөлшерін айқындау;

2) сыйақы төлеуді жүзеге асыруға негіздеме, түрлері, құрамдары (белгіленген сыйақы мөлшері, акциялар, облигациялар бойынша сыйақы, өтемақы төлемдерінің басқа да түрлері);

3) басшы қызметкерлердің жұмысын бағалау және сыйақыны қолдану өлшемшарттары;

4) филиалдың бюджетті жүргізілген сыйақы және басқа да өтемақы төлемдері бөлігінде игеруге, басшы қызметкерлердің уәкілетті органның біліктілік талаптарына және лауазымдық нұсқаулық талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге қатысты басқару органына ұсынатын есебінің нысаны мен кезеңділігі;

5) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқару органының қалауына қарай өзге де мәселелері.

7. Есеп саясаты:

1) оны Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқару органы халықаралық қаржылық есеп стандарттарына, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік заңнамасына сәйкес әзірлейді;

2) ол бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті жасаудың қағидаттарын, негіздерін, шарттарын, қағидалары мен тәжірибесін қамтиды;

3) кірістерді (шығыстарды) динамикасында және қызмет түрлері бойынша ай сайынғы салыстырып тексеруге жауапты бөлімшені айқындайды;

4) регламенттейді:

сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын есепке алу, сондай-ақ олардың тізілімін жүргізу тәртібін;

сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша қаражатының болашақ ағындарын халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес ағымдағы есептік бағалауды қолдана отырып сақтандыру резервтерінің барабарлығын бағалауды жүзеге асыру әдістемесін;

Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқару органының қалауына қарай өзге де мәселелер.

8. Басқарушылық есептілікті ұсыну мерзімдері мен нысандары туралы ережені Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқару органы әзірлейді және филиалдың басшы қызметкерлерінің және тәуекелдерді басқару бөлімшесінің басқару органына басқарушылық есептілікті ұсыну тәртібін регламенттейді, оның ішінде:

активтер мен міндеттемелер туралы жиынтық есеп;

пайда мен шығын туралы есеп;

активтер мен міндеттемелер көлемін салыстыру туралы есеп

филиал тәуекелінің картасын талдау;

Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқару органының талап етуі бойынша есептілік

Басқару есептілігінің тізбесі тәуекелдерді және ішкі бақылауды тиісінше басқаруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы басқару органының функционалдық міндеттер мен өкілеттіктерді тиісінше орындауы үшін жеткілікті.

Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-банктері  
филиалдарының,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-сақтандыру  
(қайта сақтандыру) ұйымдары  
филиалдарының және  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-сақтандыру  
брокерлері филиалдарының  
қызметін реттеу мәселелері  
бойынша өзгерістер мен  
толықтырулар енгізілетін  
нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
2-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының

## **Өзге ақпарат аудитіне тартылатын аудиторлық ұйымның құрамындағы аудиторларға қойылатын талаптар**

Өзге ақпарат аудитіне өзге ақпарат аудиті шеңберінде тексеруге жататын кезеңде аудиттелетін банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының (бұдан әрі - қаржы ұйымы) қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асырмаған және өзге ақпарат аудитін жүргізу кезеңінде қаржылық есептілік аудитін (бухгалтерлік есеп деректері бойынша есептілік) жүргізу үшін аудиттелетін қаржы ұйымы айқындаған ұйым болып табылмайтын немесе тексеруге жататын салаларда консультациялық қызметтер ұсыну үшін аудиттелетін қаржы ұйымы тартқан ұйым болып табылмайтын, сондай-ақ тексерілетін мәселелерге байланысты мынадай талаптарға сәйкес келетін аудиторлық ұйымның қатысушылары болып табылатын аудиторлар тартылады:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген Өзге ақпарат аудиті шеңберінде тексеруге жататын мәселелер тізбесінің 1-тармағында көрсетілген мәселелерді тексеру үшін ACCA (Association of Chartered Certified Accountants), CPA (Certified Public Accountant), CIA (Certified Internal Auditor), FRM (Financial Risk Manager), PRM (Professional Risk Manager), CRMA (Certification in Risk Management Assurance), CFSA (Certified Financial Services Auditor), CCSA (Certification in Control Self-Assessment), COSO Internal Control Certificate, APRM (Associate Professional Risk Manager), MLARM (Market, Liquidity and Asset Liability Management Risk Manager), ORM (Operational Risk Manager), CFA (Chartered Financial Analyst), CIIA (Certified International Investment Analyst), CIRMA (Chartered Insurance Risk Manager), PECB Certified ISO 31000 Risk Manager толық біліктілігінің біреуі бар кемінде екі аудитор, оның ішінде осы тармақшада көрсетілген тәуекелдерді басқару мәселелерінде толық біліктілігінің біреуі бар кемінде бір аудитор;

2) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген Өзге ақпарат аудиті шеңберінде тексеруге жататын мәселелер тізбесінің 2-тармағында көрсетілген мәселелерді тексеру үшін ACCA (Association of Chartered Certified Accountants), CPA (Certified Public Accountant), CIA (Certified Internal Auditor), CFSA (Certified Financial Services Auditor), CCSA (Certification in Control Self-Assessment), COSO Internal Control Certificate, APRM (Associate Professional Risk Manager), MLARM (Market, Liquidity and Asset Liability Management Risk Manager), CFA (Chartered Financial Analyst), CIIA (Certified International Investment Analyst), CRMA (Certification in Risk Management Assurance)

толық біліктілігінің біреуі бар кемінде екі аудитор және өзге ақпарат аудитінің басшысы, оның ішінде осы тармақшада көрсетілген корпоративтік басқару мәселелерінде толық біліктілігінің біреуі бар кемінде бір аудитор;

3) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген Өзге ақпарат аудиті шеңберінде тексеруге жататын мәселелер тізбесінің 3-тармағында көрсетілген мәселелерді тексеру үшін ITIL (Information Technology Infrastructure Library), COBIT (Control Objectives for Information and Related Technologies), ISO 27001 LA (ISO 27001 Lead Auditor), CISA (Certified Information Systems Auditor), CISM (Certified Information Security Manager), CRISC (Certified in Risk and Information Systems Control), TOGAF (The Open Group Architecture Framework), CISSP (Certified Information Systems Security Professional) толық біліктілігінің біреуі бар кемінде екі аудитор және өзге ақпарат аудитінің басшысы;

4) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген Өзге ақпарат аудиті шеңберінде тексеруге жататын мәселелер тізбесінің 4-тармағында көрсетілген мәселелерді тексеру үшін ACAMS (Association of Certified Anti-Money Laundering Specialists), CAMS Audit (Advanced AML Audit Certification) толық біліктілігінің біреуі бар кемінде екі аудитор және өзге ақпарат аудитінің басшысы;

5) тексерілуге жататын тиісті мәселелерді бағалау бойынша кемінде 2 (екі) жыл жұмыс тәжірибесі бар және соңғы 3 (үш) жыл бойы оған қатысты өзге ақпарат аудиті жүргізілетін қаржы ұйымының қызметкері болып табылмайтын кемінде екі аудитор және өзге ақпарат аудитінің басшысы;

б) экономика, және (немесе) қаржы, және (немесе) ішкі аудит, және (немесе) тәуекел-менеджмент, және (немесе) ақпараттық технологиялар саласында, және (немесе) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі бақылау саласында кемінде 2 (екі) жыл жұмыс тәжірибесі бар және соңғы 3 (үш) жыл бойы оған қатысты өзге ақпарат аудиті жүргізілетін қаржы ұйымының қызметкері болып табылмайтын кемінде екі аудитор және өзге ақпарат аудитінің басшысы;

4) өзге ақпарат аудитінің басшысында экономика, және (немесе) қаржы, және (немесе) ішкі аудит, және (немесе) тәуекел-менеджмент, және (немесе) ақпараттық технологиялар саласында, және (немесе) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі бақылау саласында кемінде 5 (бес) жыл жұмыс тәжірибесі бар және соңғы 3 (үш) жыл бойы оған қатысты өзге ақпарат аудиті жүргізілетін қаржы ұйымының қызметкері болып табылған жоқ.